

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ОРЛЕУ» ҰЛТТЫҚ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ



А.Ж.Бекмағамбетов

**Алғашқы әскери даярлық сабақтарында
және сабақтан тыс уақытта оқушылардың
әскери-патриоттық тәрбиесі**

*(алғашқы әскери даярлық пәнінің оқытушыларына
арналған әдістемелік нұсқаулар)*

Астана – 2013

УДК 373
ББК 74.26
Б39

Бекмағамбетов А.Ж.

Алғашқы әскери даярлық сабақтарында және сабақтан тыс уақытта оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесі (алғашқы әскери даярлық пәнінің оқытушыларына арналған әдістемелік нұсқаулар). – Алматы, 2013. – 24 бет.

ISBN 978-601-275-278-6

Бұл әдістемелік нұсқауларда жоғары сынып оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие берудің әдістемелік негіздері қарастырылады және оны тәжірибеде іске асырудың жолдары ұсынылады.
Құрал алғашқы әскери даярлық пәнінің оқытушыларына арналған.

Пікір жазған:

педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Б.Әбдікәрімұлы**

ISBN 978-601-275-278-6

© А.Ж.Бекмағамбетов, 2013

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы білім беру жүйесінің әлемдік кеңістікке енуіне мүмкіндік туғызып отыр. Мұның өзі әрбір қоғам иесіне жоғары талаптар қояды. Бұл талаптардың ұстаз қауымына да қатысы бар. Ұрпақ тәрбиесін қолына алған ұстаз оның болашағына үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Ол үшін үнемі өзінің білімін, іс-тәжірибесін кеңейте отырып, оқытуды ұйымдастыру формаларын жетілдіруге аса мән беру қажет. Бұл, әсіресе, ойын іс-әрекетінен оқу іс-әрекетіне енді ғана бет бұрған бастауыш сынып оқушылары үшін аса маңызды. Өйткені бастауыш мектепте сабақтарды бірсарындылықпен өткізу оқушыларды жалықтырып, олардың белсенділігін төмендетеді және білім деңгейінің құлдырауына әкеліп соқтырады. Сондықтан үнемі сабақты түрлендіру жолдарын қарастырып отырған жөн. Әрине, бұл оқытудың дәстүрлі формасы - сабақты алмастыру дегенді көздемейді, керісінше, сабақтың тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру міндетін қояды.

Сабақтың мәні мен мазмұнын анықтау, оның тиімділігін арттыру мәселесі чехтың ұлы педагогы Я.А.Коменский еңбектерінен бастау алып, бүгінгі күнге дейін көкейкесті проблема ретінде күн тәртібінен түспей отыр. Бұл проблемамен С.В.Иванов, И.Н.Казанцев, В.А.Онищук, М.И.Махмутов, т.б. терең айналысқаны мәлім. Кейінгі кезде әдістеме ғылымының теориясы мен практикасында «дәстүрлі емес» деп аталатын сабақтардың түрлері пайда болып, ерекше мәнге ие болуда. Мұндай сабақтардың дүниеге келуінің себебі ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында оқушылардың сабаққа деген ынтасының, қызығушылығының төмендеу үрдісінің қауіпті етек алуы

болды. Сондықтан дәстүрлі емес сабақтар оқушылардың оқу еңбегіне қызығушылығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру мақсатын көздейді. Олардың басты ерекшелігі сабақтың дидактикалық мақсатын жүзеге асыру үшін ерекше, дәстүрлі емес формада жүргізілуі болып табылады. Мұндай сабақтар оқушыларға ұнайды, ал сабақтарда қолданылған материалдар ойлау процестерін белсендіруге көмектеседі, оқушылардың байқағыштығын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытады.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда математиканы оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы сабақтың мәні ашып көрсетіледі, дәстүрлі емес сабақтардың ерекшеліктеріне мазмұндық сипаттама жасалады және олардың бірнешеуінің жоспар-конспектілерінің үлгілері ұсынылады, сонымен бірге дәстүрлі емес сабақтарда қолдануға болатын қосымша дидактикалық материалдар беріледі.

Құралда берілген дәстүрлі емес сабақтардың үлгілері бастауыш сыныптарға арналған жаңа буын математика оқулықтары (Т.Қ.Оспанов және т.б.) бойынша жасалынған, дегенмен ұсынылып отырған сабақтардың үлгілерін қандай оқулық пен оқу бағдарламасы екендігіне қарамастан, кез келген математика сабақтарын құруда пайдалануға болады.

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫ-САБАҚ

Оқыту – білім берудің негізгі жолы, әрі оқытушы мен оқушылардың біріккен іс-әрекеттері, сондықтан ол екі жақты біртекті процесс, біріншіден, оқытушы оқушыларға білім беріп, білік, дағды қалыптастырады, екіншіден, оқушы таным міндеттерін жете түсініп, жаңа білімді, білікті, дағдыны игереді және оларды өмірде қолданады.

Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – мұғалім мен оқушылардың белгілі бір тәртіппен және ретпен жүзеге асыратын іс-әрекетінің сыртқы көрінісі.

Сабақ – оқушылардың топқа ұйымдасқан сынып деп аталатын тұрақты құрамымен, мұғалім басшылығымен жүргізілетін оқу жұмысы. Сабақта оқыту мен тәрбие мақсаттары, міндеттері жүзеге асырылады, оқушылардың ой-өрісі кеңиді, қабілеті дамиды, көзқарасы, адамгершілік қасиеттері қалыптасады. **Сабақты** мұғалім мен оқушылардың күрделі өзара әрекетінде оқытудың мазмұны, құралдары мен әдістері көрінетін, мұғалімнің жеке тұлғасы мен шеберлігі, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктері байқалатын, оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың мақсаты мен міндеттері жүзеге асырылатын оқу-тәрбие процесінде логикалық түрде аяқталған тұтас элемент ретінде де анықтауға болады. Ол жалпы білім беретін орта мектептерде, кәсіби-техникалық және арнайы орта оқу орындарындағы оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың негізгі нысаны болып табылады. Оқу жұмысының нақты белгіленген көлемімен және оның белгілі бір уақыт ішінде орындалу ретімен сипатталады. Сабақ сабақ кестесі бойынша арнаулы

сынып бөлмелерінде, оқу кабинеттері мен лабораторияларында, оқу-тәжірибе учаскелерінде өтеді.

Оқытуды ұйымдастырудың формасы сыныптық-сабақ жүйесінің ерекшеліктері:

- оқушылардың жас ерекшеліктерінің бірдей болуы;
- әр сыныптың жылдық оқу жоспары бойынша жұмыс істеуі;
- оқу процесінің өзара бірлікте бір-бірімен жалғасқан сабақ жүйесінен құралуы;
- әр сабақтың бір пәнге ғана арналуы (монизм);
- сабақ кестесінің болуы;
- мұғалімнің жетекшілік ролі;
- оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруда оқытудың әр түрлі формаларын қолдану.

Математика сабағының өзіне тән ерекшеліктері бар:

1) математика сабағының мазмұны бұрын оқып-үйренілген материалға сүйеніп, жаңа білімді меңгеруге негіз қалайды, мұның өзі математика курсының қатаң логикалық құрылымына байланысты; 2) математикалық білім жүйесін меңгеру процесінде басқа оқу пәндерімен салыстырғанда, оқушылардың логикалық ойлауын, талдау және дәлелдеу біліктерін дамытуға көп көңіл бөлінеді; 3) математиканы оқыту барысында әрбір оқушының оқып-үйренілетін материалдағы ең басты мәселені игеруіне жағдай жасалуы керек, себебі бүгінгі күнде математикалық білімнің жетекші ролге ие болып отырғандығы белгілі; 4) математика сабағында математикалық ұғымдарды қалыптастыруға байланысты әртүрлі білік, дағдыларды меңгерту көзделеді, атап айтқанда - есептеу, өлшеу, сызбалық жұмыстар және есептерді шығару жүзеге асырылады; 5) математика сабағында кейбір объектілер мен құбылыстарды

қарастырған кезде, олардың барлық қасиеттері мен сапалары қарастырылмайды, тек сандық қатынастары мен кеңістік формалары қарастырылады, т.б.

Математика сабағына қойылатын талаптарды былайша бөліп көрсетуге болады:

- сабақтың дидактикалық мақсатын айқындау;
- сабақта оқу материалының ерекшелігіне сай проблемалық жағдайларды туғызу;
- танымдық процестің логикасын сақтап, оқу процесінің дамытушылық сипатын қажет ететін пікір мен ой қорытындыларын жасауға оқушыларды үйрету;
- балалардың жас және дербес ерекшеліктерін есепке алу;
- оқытудың әдістері мен оқу материалдарының күрделі және жеңіл деңгейін дұрыс айқындау;
- сабақтың құрылымын айқындау, оны мақсат, міндет, әдіс-тәсіл, мазмұнға сәйкестендіру, тиімді пайдалану, уақытты үнемдеу;
- сөз бен көрнекілікті үйлестіру, техникалық құралдарды қолдану;
- оқушылардың білімді терең ұғынуын бақылап, есепке алу;
- білімнің қоғамдағы дәрежесін көтеру үшін дарынды балаларды анықтау, олардың бейімділігін, қабілетін дамытуға жағдай жасау, т.б.

Әрбір сабақтың өзіндік құрамы және өзіндік құрылымы болады. Сабақтың құрамына оның құрылымдық элементтері жатады. Сабақтың негізгі құрылымдық элементтерін таңдап алуда әртүрлі пікірлер бар екендігі белгілі (В.А. Онищук, М.И.Махмутов, т.б.). Құрамына

байланысты сабақтың құрылымында әртүрлі дәрежеде ортақтық болады.

Сонымен **сабақтың ортақ дидактикалық құрылымы** мынадай компоненттермен сипатталады:

- *бұрын алған білім мен әрекет тәсілдерін көкейкестендіру;*
- *жаңа білім мен әрекет тәсілдерін қалыптастыру;*
- *оларды қолдану, яғни білік қалыптастыру.*

Көкейкестендіру оқып-үйренгендерді жаңғыртумен қатар бұрын алған білім мен жаңа білімнің сабақтасты байланысын орнатуды, бұрын алған білімді жаңа жағдайларда қолдануды, оларды тереңдетуді, т.с.с. көздейді.

Сабақтың ортақ дидактикалық құрылымының *екінші компоненті* жаңа ұғымдардың мәнін ашып көрсетумен, жаңа білім мен оқушылардың ақыл-ой және оқу іс-әрекетінің тәсілдерін игерумен, олардың сенімін қалыптастырумен байланысты.

Білікті қалыптастыруға жаңа білім мен әрекет тәсілдерін қалыптастыру, оларды жинақтау және жүйелеу, іс жүзінде пайдалану арқылы қол жеткізуге болады.

Сабақтың неғұрлым нақты кезеңдері жоғарыда айтылған оның ортақ дидактикалық құрылымының жіктелуінің нәтижесі бола отырып, сабақтың түрлеріне байланысты анықталады.

Математика сабағы сабаққа қойылатын негізгі дидактикалық мақсатқа байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

Аралас сабақ - бұл сабақта бірнеше дидактикалық мақсат жүзеге асырылады. Соған сәйкес ол мынадай нақты кезеңдерден тұрады:

1. Өткен материалды бекіту.
2. Үй тапсырмасын тексеру.

3. Жаңа материалды түсіндіру.
4. Жаңа материалды бекіту.
5. Үйге тапсырма беру.
1. Қорытынды.

Жаңа материалды түсіндіруге арналған сабақтың негізгі дидактикалық мақсаты жаңа материалды түсіндіруге бағытталады. Жаңа материалды түсіндіруге көп уақыт жұмсалады. Жаңа материалды түсіндіру алдында сол тақырыпқа байланысты бұрын өткен материалдар қайталанатын. Бұл сабақта жаңа материалды бірден бекіту жұмысы жүргізіледі.

Сабақтың нақты кезеңдері төмендегідей:

1. Жаңа материалды түсіндіруге қажетті бұрын өткен материалдарды қайталау.
2. Жаңа материалды түсіндіру.
3. Жаңа материалды бірден бекіту.
4. Үйге тапсырма беру.
5. Қорытынды.

Белгілі бір тақырып бойынша білім, білік, дағдыны бекіту сабағында негізінен бірнеше жаттығулар мен шығармашылық жұмыстар орындалады. Сабақтың көп уақыты оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне арналады. Сабақ мынадай нақты кезеңдерден тұрады:

1. Белгілі бір жаттығу жұмыстарын орындауға қажетті білім, білік, дағдыны бекіту.
2. Оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыс түрлері.
3. Өз бетімен орындалған жұмысты тексеру және қорытындылау.
4. Үйге тапсырма.
5. Қорытынды.

Бақылау және есепке алу сабағын жазбаша және ауызша өткізуге болады. Бұл сабақтың құрылымы мынадай нақты кезеңдерден тұрады:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Оқушылардың тапсырманы орындауы.
3. Қорытынды.

Бүгінгі таңда оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында дәстүрлі емес сабақтар өткізіледі.

Әдістемелік әдебиеттерге жасаған талдау бастауыш сыныптарда математикадан дәстүрлі емес сабақтардың мынадай түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Ойын және сайыс түріндегі сабақтар: конкурс, турнир, эстафета, көңілді тапқырлар клубы, іскерлік ойын, рольдік ойын, т.с.с.
2. Оқу материалын дәстүрден тыс ұйымдастыруға негізделген сабақтар: даналық сабағы, жаңалық ашу сабағы, т.с.с.
3. Қарым-қатынастың бұқаралық формалары тәріздес сабақтар: баспасөз конференциясы, аукцион, панорама, телекөпір, ауызша журнал, т.с.с.
4. Қиялға құрылған сабақтар: ертегі сабақ, қиял-ғажайып әлемі сабағы, т.с.с.
5. Интеграциялық сабақтар.
6. Шығармашылық сабақтар: көрме сабағы, шығармашылық есеп сабағы, т.с.с.
7. Театрландырылған сабақтар: спектакль сабағы, естелік сабағы, саяхат сабағы, т.с.с.
8. Ойын сабақтары: іскерлік ойын сабағы, сайыс сабағы, рольдік ойын сабағы, дидактикалық ойындарға құрылған сабақ, т.с.с.

Дәстүрлі сабақтан гөрі мұндай сабақтар оқушылардың есінде ұзақ сақталады және олар мұнда математикалық білім мазмұнынан тыс, яғни оқу материалынан бөлек

мағлұматтар алады, тілі ұстарып, байланыстырып сөйлеуге үйренеді, сөйлеу мәдениетін игереді. Сабаққа белсенділігі, пәнге қызығушылығы артады.

Бастауыш сыныптарда математикадан дәстүрлі емес сабақтарды өткізу оқушылардың жас ерекшеліктеріне, білім деңгейіне байланысты болуы тиіс және оқу материалының мазмұнына сай іріктеп алынуы қажет (мысалы, сайыс сабағын, көбінесе оқу материалын пысықтауда өткізу тиімді).

Әрбір сабақтың ерекшелігін және бір-бірінен айырмашылығын білу мұғалімдердің білімін шындай түседі. Мәселен, театрландырылған сабақтардың ерекшелігі бағдарламалық материалды оқып-үйренуде, бекітуде және жинақтауда театр құралдарының немесе элементтерінің қолданылуы болып табылады; сайыс сабақтарының негізін тапсырмаларды орындау барысында топтардың өзара жарысы құрайды; рольдік ойындар сабақтарында өмірдегі жағдайлар бойынша оқушылардың белгілі бір рольдерді ойнау арқылы білімді меңгеруі жүзеге асырылады, т.с.с.

Бұл сабақтардың әрқайсысының мәнін аша отырып, оларды өткізуде сабақтың негізгі базалық құрылымының қатаң сақталатынын ескеру қажет.

МАТЕМАТИКАДАН ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС САБАҚТАР

1. Интеграциялық сабақтар. Оқытуға интеграциялық тұрғыдан қатынастың әдістемелік негізі қоршаған орта және оның заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру, сонымен бірге ғылым негіздерін меңгеруде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды орнату болып табылады. Осыған байланысты интеграциялық сабақ деп оны өткізуде басқа ғылымдардың, басқа оқу пәндерінің әдістері арқылы білім, білікті және оқу материалының нәтижелерін талдауды қолдану жүзеге асырылатын кез келген сабақты атайды. Сондықтан кейде интегерациялық сабақтарды пәнаралық деп те атайды, ал оларды өткізу формалары әртүрлі - семинар, конференция, саяхат, т.с.с. болуы мүмкін.

2. Театрландырылған сабақтар. Бұл сабақтарда бағдарламалық материалды оқып-үйренуде, бекітуде және жинақтауда театр құралдары немесе элементтері қолданылады. Театрландырылған сабақтар оқушылардың күнделікті өмірін мерекеге айналдырумен ерекшеленіп, оқушылардың көңіл-күйін көтеруге, белсенділіктерін арттыруға, өзара көмек көрсету сезімдерін оятуға, қарым-қатынас жасау біліктерін жетілдіруге септігін тигізеді.

Бұл сабақтарды ұйымдастыру формасына қарай мынадай түрлерге бөледі:

- спектакль;
- салон;
- ертегі;
- студия, т.б.

3. Сайыс сабақтары. Бұл сабақтардың негізін тапсырмаларды орындау барысында топтардың өзара жарысы құрайды. Сайыс сабақтарын өткізу формалары әртүрлі болып келеді. Олар эстафета, сюжетті ойынға

құрылған жарыс, көңілді тапқырлар клубы, «Брейн-ринг», «Бақытты сәт», «Біздің сыныптың көшбасшысы», т.б.

Сайыс сабақтарын ұйымдастырудың және өткізудің үш негізгі кезеңін бөліп көрсетуге болады: дайындық, ойын, нәтижелерді шығару. Әрбір нақты сабақ үшін бұл құрылым сабақта оқып-үйренілетін материалдың мазмұны мен сайыс желісінің ерекшеліктеріне байланысты сарапталады.

4. Дидактикалық ойындарға құрылған сабақтар.

Бұл сабақтардың негізгі ерекшелігі оның құрылымына дидактикалық ойындарды сабақтың негізгі элементтерінің бірі ретінде енгізу болып табылады.

Дидактикалық ойындардың мақсаты– баланы оқыту, олардың ойлау қабілеттерін жаттықтыру және дамыту, игі қасиеттерді тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындардың мазмұны қандай да болмасын ақыл-ой міндеттерін жүзеге асыруға негізделеді. Ережені орындау ойды, қиялды, есті дамытуға ықпал етеді. Дидактикалық ойын арқылы дүниені тану басқаша түрге ие болады, ол күнделікті оқытуға ұқсамайды, мұнда қиял-ғажайып та, жауапты өз бетінше іздеу де, белгілі болмыспен құбылысқа жаңаша көзқарас та, білімді толықтыру мен кеңейту де, жекеленген құбылыстар арасында өзара байланысты, ұқсастықты және айырмашылықты тағайындау да бар. Ал ең бастысы, оқушыларға ешқандай күш түсірмей, олардың өздерінің қалауы бойынша дидактикалық ойын арқылы оқу материалын әртүрлі тұрғыдан бірнеше рет қайталауға мүмкіндік туады. Сонымен бірге дидактикалық ойын өзара жарыстыру мүмкіндігін туғызып, оқушыларға білімдерін әртүрлі жағдайда қолдануға негіз береді.

Дидактикалық ойын өзінің қызметі мен атына сай орындалу үшін оның арнайы құрылымы болуы шарт.

Оның құрылымы төмендегідей:

1. Міндеті.
2. Әрекет.
3. Ереже.
4. Нәтиже, ойынның аяқталуы.

Әрбір дидактикалық ойынның белгілі *міндеті* болады, ол дидактикалық мақсаттан келіп туындайды. Ойынның міндеті оның оқу мазмұнын құрайды. Ойын мазмұны балалардың қызығушылығын оятады, олардың танымдық іс-әрекетін белсендіреді және жаңа білім, білік, дағдымен байытады.

Әрекет – ойынның негізгі бөлігі. Әрекетсіз ойынның мақсатын жүзеге асыру мүмкін емес. Әрбір дидактикалық ойынның міндеті әрбір оқушының мінез-құлқын анықтап, ұйымдастырып, біртұтас ұжымға біріктіретін әрекет арқылы іске асады. Ол балалардың қызығушылығын тудырып, олардың ойынға деген эмоциялық қатынасын анықтайды. Дидактикалық ойында әрекет нақты анықталған және анық түрде белгіленген. Ол әртүрлі болуы мүмкін, бұл жағдайда төмендегі негізгі шарттарға сәйкес келуі тиіс:

- а) ойын міндетіне бағыну керек, сол арқылы ойын мақсаты жүзеге асырылуы шарт;
- б) ойын аяғына дейін тартымды, әрі қызықты болуы шарт.

Ереже дидактикалық ойынның қажетті бөлігі болып табылады және ерекше орын алады, сондықтан кейде дидактикалық ойындарды ережеге құрылған ойындар деп те атайды. Ереже ойын міндетіне бағынады. Олар іс-әрекетті ойынның міндетін жүзеге асыруға бағыттай ұйымдастыруды көздейді. Сондықтан дидактикалық ойында іс-әрекет ережемен тығыз байланысты. Ережелер баланың ойын үстінде не істеу және қалай істеу керек екендігін анықтайды. Ережесіз іс-әрекет жайбарақат дамып,

дидактикалық міндеттің жүзеге асуына ықпал ете алмайды, сөйтіп өзінің негізгі сипатынан айрылады. Дидактикалық ойынның ережесі іс-әрекетті ұйымдастырып қана қоймайды, сонымен бірге оның тартымдылығын арттырады.

Ойын нәтижесі – бұл міндетті шешу мен ережені орындау. Нәтиже мен ойынның аяқталуын екі тұрғыдан бағалау қажет: баланың көзқарасы тұрғысынан және мұғалімнің немесе тәрбиешінің көзқарасы тұрғысынан.

Егер ойын нәтижесін баланың көзқарасы тұрғысынан бағаласа, онда мұғалім ойынның балаға моральдық және рухани ләззат беру жағын есепке алады. Дидактикалық ойынның міндеттерін шешу баладан белгілі бір күш–жігерді талап етіп, олардың ойлау іс-әрекетіне талаптар қояды. Балалар ойын барысында ұшқырлық, алғырлық, тапқырлық танытады. Мұның барлығы балаларды моральдық тұрғыдан қанағаттандырып, олардың өз күштеріне сенімін арттырады, қуаныш сезімге бөлейді.

Мұғалім сабақты талдау кезінде міндеттің орындалғанын, әрекеттің жүзеге асырылғандығын, ойынның белгілі бір нәтижеге әкелгендігін қадағалау қажет.

МАТЕМАТИКАДАН ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС САБАҚТАРДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Математиканы оқытуды жаңашылдық тұрғысынан ұйымдастыру оқудың дәстүрлі түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Мұның өзі сабақты әртүрлі *жаңа технологиялар* бойынша жобалауды қажет етеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық технологияның мәнін ғалымдар түрліше анықтайды:

- практикада іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.А.Беспалько);
- педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті (М.В.Кларин);
- оқыту формаларының, әдістерінің, тәсілдерінің, амалдарының, тәрбие құралдарының әлеуметтік жиыны мен бірлігін анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы (Б.Т.Лихачев);
- балаға педагогтың шынайы өзара әрекетін қамтамасыз ететін қолданбалы ғылыми педагогикалық пән (Н.Е.Щуркова);
- қойылған мақсатқа сәйкес білімді, білікті, дағдыны және қатынасты құрастыру, қалыптастыру мен бақылау бойынша операциялардың жиыны (А.К.Колеченко);
- шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз

ететін оқу-тәрбие процесінің жанды құрамдас бөлігі (Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Барсай), т.б.

Математикадан дәстүрлі емес сабақтарда мынадай оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға болады:

Интеграциялық технологиялар – бұл оқу тақырыптары, оқу проблемалары және басқа да оқытуды ұйымдастыру формалары деңгейінде әртүрлі пәндік білім, білік, дағдының интеграциясын қамтамасыз ететін дидактикалық жүйелер.

Ойын технологиялары – оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған әртүрлі ойындарды қолдануды көздейтін дидактикалық жүйелер.

Ойын технологиясы мәнді өмір жағдаяттарын жобалау және оның шешуін іздестіруге құрылады, жетекші әдісі - ойын. Оны ұйымдастыру түрлері: рольдік және оқиғалық ойындар, саяхаттық және дидактикалық ойындар, іскерлік ойындар.

Ойын - шығармашылық мақсатқа бағытталған іс-әрекет, оны жүргізу процесінде балалар қоршаған болмыстың құбылыстарын терең танып - біледі.

Дидактикалық ойын оқушылардың ақыл-ой белсенділігін тәрбиелеудің маңызды құралы бола отырып, бағдарлама материалының негізі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді, балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, оқуға ықылас қоюына баулиды және зейінін, ойлау, есте сақтау процестерін дамытады.

Тренинг технологиялары – белгілі бір шешімдерді орындауға бағытталған іс-әрекеттер жүйесі. Оған тұлғаны интелектуальды дамыту және басқару міндеттерін шешу бойынша жүргізілетін психологиялық тренингтерді,

іскерлік қарым-қатынас, тұлғаны дамыту, тіл табысу тренингтерін де жатқызуға болады.

Ақпараттық-компьютерлік технологиялар – ЭЕМ-дер мен олардың желілері, әсіресе дербес компьютерлер арқылы ақпаратты алуды, қайта жасауды, жеткізуді, сақтауды және пайдалануды көздейтін дидактикалық жүйелер.

Дәстүрлі емес математика сабақтарында ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі ретінде мынадай мәселелерді атап өтуге болады:

- оқушылар өздеріне қажетті ақпаратты жедел түрде алады;
- білім сапасын арттыруға септігін тигізеді;
- көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын түрлі құбылыстар мен әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады, оқу іс-әрекетін белсендіреді;
- оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді, т.б.

Жаңа ақпараттық технологиялар дәстүрлі түрде оқытуға жаңаша сипат беріп, оқу материалын түсіндіру процесін оңтайландырады және балалардың оқуға деген ынтасын арттыруға ерекше ықпал етеді.

Компьютер оқушылардың математикадан өзіндік жұмысын тез және қарқынды түрде ұйымдастыруға көмектеседі. Мәселен, Microsoft Word мәтін редакторында оқушыларға әртүрлі жазбаша тапсырмаларды өз бетінше орындатуға болады. Оқушылар компьютерде есептеу мүмкіндігін пайдалана отырып, оның нәтижелерін табуға үйренеді. Мұндағы мұғалімнің негізгі мақсаты оқушылардың қатесіз, сауатты есептеуін қадағалау болып

табылады. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың жазба жұмыстарын орындауға қызығушылықтарын арттырады, себебі олар қаламның көмегімен дәптерде есептеуге асынта танытпайды және өте баяу есептейді. Бірақ, бұл жазба жұмыстарын толық компьютерде орындату дегенді білдірмейді, тек баланы ынталандырудың бір түрі ретінде пайдалану дегенді меңзейді.

Сонымен бірге оқушыларға шығармашылық ойын түрлерін құруға тапсырма беруге болады. Оған біршама уақыт беру қажет, себебі оқушы алдына қойылған проблеманы шешу үшін жан-жақты ізденеді, отбасымен ақылдасады, әртүрлі әдебиеттерді қарастырады, сыныптастарымен, мұғаліммен ақылдасады. Оқу процесінде әртүрлі танымдық ойындарды, логикалық сипаттағы ойындарды пайдалануға болады.

Электрондық байланыс жүйелерінде оқыту мынадай сұрақтардың шешімін табуы көздейді:

1. Нені оқыту керек, яғни компьютерлік жүйеге енгізілетін тақырыптарды саралау қажет.
2. Оны қандай ретпен, тәртіппен оқыту керек, яғни тақырып арасындағы байланыс, сабақтастық қатаң ескерілуі қажет.
3. Қалай оқыту керек?, яғни тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алған жөн.

Осы үш сұрақтың шешімін табу ақпараттық технологиялар арқылы математиканы оқыту әдістемесінің негізін құрайды.

Сонымен бірге математика сабақтарында компьютерді оқушылардың іс-әрекетін жедел бақылауды ұйымдастыру құралы ретінде пайдалануға болады. Оның мынадай артықшылықтары бар:

- әрбір оқушы өз қарқынымен жұмыс істейді;
- тексерілушіге жеке тест беру мүмкіндігі бар;

- компьютер нәтижелерді бағалаудың шынайылығын қамтамасыз етеді;
- уақытты үнемдейді;
- қолайлы интерфейспен қамтамасыз етеді;
- ақпараттың аздығымен ерекшеленеді;
- тест нәтижесін автоматты түрде тексеруге мүмкіндік береді;
- мұғалімнің ролі өзгереді, енді ол бақылаушыдан кеңес берушіге ауысады.

Проблемалық оқыту технологиялары – оқытудың эвристикалық әдістерін пайдалану арқылы оқу проблемаларын және жағдаяттарын шешуге бағытталған дидактикалық жүйелер.

Деңгейлік саралап оқыту әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқытуды, оны оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеуді, ыңғайлауды көздейтін педагогикалық технология болып табылады.

Аталған технология негізінде мынадай деңгейлік тапсырмалар ұсынылады:

1. *Оқушылық деңгейдің тапсырмалары* - жаңа тақырыпта меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беретін тапсырмалар.
2. *Алгоритмдік деңгейдегі тапсырмалар* - өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Олар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмаларды талдап, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалануды қажет етеді.
3. *Эвристикалық деңгейдегі тапсырмаларды* орындау білімді сапалы жаңа деңгейде қолдануға мүмкіндік береді, яғни бұл тапсырмалар жаңа жағдаяттарды да

қамтиды.

4. *Шығармашылық деңгей тапсырмалары:* оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуін талап ететін тапсырмалар.

Біз жоғарыда математикадан дәстүрлі емес сабақтарда қолдануға болатын оқытудың жаңа технологияларының бірнешеуіне тоқталдық. Әрине, сабақтың мақсаты мен мазмұнына сәйкес басқа да жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануға болады. Ол мұғалімнің кәсіптік даярлық деңгейіне, шығармашылық ізденісіне және педагогикалық шеберлігіне байланысты.

САБАҚ 1. ЕРТЕГІГЕ ҚҰРЫЛҒАН САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: 5 саны және цифры

Мақсаты: 5 саны және цифрымен таныстыру

Міндеттері:

1) Заттарды санау арқылы 5 санын енгізе отырып, 5 санын шығарып алумен және 5 цифрымен таныстыру. Бес көлеміндегі сандық және реттік сан есімдерді пайдалана білуді, 5 санын оның алдындағы санмен салыстыра білуді үйрету, бесбұрышпен таныстыру;

2) Қасиетті төрт түлік малды қастерлеуге баули отырып, оқушылардың бойында адамгершілік сапаларды, еңбексүйгіштікті тәрбиелеу;

3) Оқушылардың логикалық ойлауларын, қиялын дамыту.

Қажетті құралдар: төрт түлік малдың және олардың төлдерінің суреттері; текеметтің суреті, дидактикалық материалдар, т.б.

Сабақтың түрі - ертегіге құрылған аралас сабақ

Сабақтың құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Өткенді қайталау

III. Жаңа материал бойынша істелетін жұмыс

IV. Оқулық бойынша жұмыс

V. Қорытынды

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Жалғастыра санау» ойыны (4-ке дейін тура бағытта және 4-тен бастап кері бағытта).

2. Өткенді қайталау

- Балалар, сендер өткен сабақта 4 санын үйренумен қатар ата-бабаларымыз ерекше қастерлеген төрт түлік малмен де танысқан болатынсыңдар. Кәне, ендеше *жұмбақтар* шешу арқылы төрт түлік малдарды есімізге түсірейік.

1. *Төрт* түліктің бірі,
Қамбар ата пірі (Жылқы); (суреті ілінеді).
 2. Қос мүйізді, *төрт* сирақты,
Сыйлайды балдай ақ бұлақты (Сиыр);(суреті ілінеді).
 3. *Кішкене* ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар (Қой); (суреті ілінеді).
 4. Өзі үлкен жануар,
Үстінде *екі* тауы бар (Түйе); (суреті ілінеді).
- Дұрыс, балалар. Енді осы суреттегі малдарды санайық (1, 2, 3, 4).
- Бүгін біздің математика сабағымызға осы төрт түлік малдың төлдері қонаққа келіпті.
- 3. Жаңа материал бойынша істелетін жұмыс: 5 санын шығарып алу.**
- Сонымен, тақтада қанша малдың суреті ілулі тұр? (4).
 - Ендеше бізге сонша төлдің суретін ілу керек. Яғни, сонда төлдер қанша болады? (Төртеу).
 - Жылқы сүйеді баласын "шұбарым" деп,
"Жүгіруден жазбаған тұлпарым" деп.
 - Ендеше, бүгін бізде қонақта жылқы малының төлі – құлын (сурет ілінеді).
 - Сиыр сүйеді баласын"торпағым" деп,
"Қараңғыға баспаған қорқағым" деп.
 - Келесі қонағымыз – бұзау (суреті ілінеді).
 - Қой сүйеді баласын"қоңырым" деп,
Ешнәрсені білмеген "момыным" деп.
 - Бұл қонағымыз – қошақан (суреті ілінеді).
 - Түйе сүйеді баласын "тайлағым" деп,
"Жабу жапса, жарасқан жайнағым" деп.
 - Бұл қонағымыз – ботақан (суреті ілінеді).
 - Балалар, осы төлдерге қоса бізге қонаққа ешкі малының төлі - лақ та келіпті.

-Сонда төлдер нешеу болды? ($4+1=5$).

-Малдар көп пе, төлдер көп пе? Қайсысы аз? Егер 5-тен 1-ді азайтсақ, қанша болады? ($5-1=4$).

-Балалар, біздің қонақтарымыз сендерге арнап өздерінің әнін әкеліпті және сендердің сандар мен цифрлар туралы білімдеріңді тексергісі келеді. Сондықтан сендер әнді тыңдай отырып, мазмұнында айтылған сандарға сәйкес кеспе цифрлар кассасынан цифрларды тауып, көрсетіп отырыңдар. Кәне, барлығымыз кеспе цифрлар кассасын аламыз.

(Магнитофоннан Ә. Табылдиевтің сөзіне жазылған "Беске дейін" өлеңі басқаларға таныс әуенмен айтылады).

Беске дейін

(Сан үйрету)

Бір дегенім таяқ қой,

Бірді бірге таяп қой. (1 цифры көрсетіледі)

Екеу болар қос таяқ,

Екеу қолда, қос аяқ. (оқушылар 2 цифрын кеспе цифрлар кассасынан тауып көрсетеді)

Цифры оның тап мына,

Ұқсайды бір аққуға.

Екі мен бір болар үш, (3 цифры көрсетіледі)

Цифры оның -ұшқан құс.

Үш пен бірің төрт екен,

Төртеу санның көркі екен. (4 цифры көрсетіледі)

Төрт аяқты жануар,

Үстел, төсек... тағыз бар.

Төрт аяқпен нық тұрар,

Төрт бірлікті ұқтырар.

Бір, екі, үш және де,

*Төрт цифрын білесің,
Төрт пен бірің бес енді,
Қиын емес есебі,
"Бес" дегеннің цифры
Қарап тұрсаң оп-оңай (Мұғалім 5 цифрына
оқушылардың назарын аударады)
"Үштің" басын қайырып,
Қоя салған жас бұрып. (Ә. Табылдиев)*

Мұғалім баспа және жазбаша 5 цифрын көрсетеді де, балаларға малдар мен төлдердің санын цифрлар арқылы белгілеуді тапсырады (Балалар сәйкес цифрларды полотноларына қыстырып, оны мұғалімге көрсетеді).

4. Оқулық бойынша жұмыс

"Төлдердің айтысы" ертегісінің мазмұнына сай жүргізіледі.

Мұғалім әңгімелейді: Гүрілдеп аққан өзеннің жағасындағы шалғынға осы төлдер өзара жиналып, бір-бірінен:

- Иеміз қайсымызды жақсы көреді? - деп сұрапты. Сонда лақ тұрып:

- Әрине, мені жақсы көреді. Адам біздің сүтімізді, мамықтай түбітімізді пайдаланады, - дейді.

- Ол, рас па, балалар? (Ия).

- Ендеше, балалар, лақ бүгін математика сабағына сендерге арналған тапсырма әкеліпті. Лақтың бізге көп пайдасы бар екен, сондықтан біз оның тапсырмасын орындайық. Бізге лақ адам мүшелері туралы *жұмбақ* әкеліпті.

Бірі үлкен, бірі кіші,

Туысқан бірге бес кісі (Бес саусақ).

-Кәне, барлығымыз саусақтарымызды санайық.

-Дұрыс, ендеше 5 цифры қызылмен көрсетілген оқулықтың бетін ашайық.

а) Оқулықтағы сурет бойынша жұмыс жүргізіледі.

-Балалар, лақтан кейін құлын сөз алып былай дейді:

-Лақ, сен орынсыз мақтанасың. Малда бізден ешқайсын аспайсыңдар. Біз майданның да, еңбектің де тұлпарымыз. Біздің етіміз азық, қымызымыз ем, - дейді.

-Рас па, балалар. Ендеше құлынның тапсырмасын орындайық.

Сергіту сәті- құлынның тапсырмасы.

Он қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Алақанды ашайық,

Бесті беске қосайық.

ә) Кесінділерді өлшеу.

Осыдан кейін бұзау сөз алады.

-Сендер босқа мақтанасыңдар. Ием мені жақсы көреді.

Адамның тіршілігіне ең пайдалысы - мен. Шелек- шелек сүт, қарын-қарын сары май, қап-қап құрт, ірімшік бізден шығады. Біз сойса- соғым, жексе- көлік бола аламыз. Мен тұрғанда сендер неге мақтанасыңдар?

-Балалар, сендерге бұзау "Саусақ санау" ойынын ұсынып отыр (Тақтаға бір оқушы шығарылады, ал қалған оқушылар мұғалімнің айтуымен өзара ойнайды):

Қуыр, қуыр, қуырмаш,

Балапанға бидай шаш!

Тауықтарға тары шаш!

Бас бармақ,

Балалы үйрек,

Ортан терек,

Шүлдір шүмек,

Кішкене бөбек.

Сен тұр - жылқыңа бар!

Сен тұр - сиырына бар!

Сен тұр - түйеңе бар!

... Ал сен алаңдамай,

Қазан түбін жалап,

Үйде жат.

Мына жерде құрт бар,

Мына жерде май бар...

*Сен тұр -қойыңа бар!
Сен тұр -қозыңа бар!*

*Мына жерде қатық бар...
Қытық, қытық!*

Осыдан кейін қошақан сөз алады:

-Бәрің де босқа мақтанасыңдар. Ием бәрінен де мені жақсы көреді. Сақылдаған сары аязда тоңғызбайтын жылы пима, жылы тондар менің жүнім мен терімнен жасалады. Менің жүнім киім ғана емес, төсеніш, желге пана да болады. Адамға менен пайдалы ешқайсың жоқ.

-Балалар, енді осы қойдың жүнінен жасалынған бұйым-текеметке көңіл аударайық (суреті ілінеді, текемет туралы қысқаша түсінік беріледі).

Мұғалім шақырылған оқушыға текеметтегі геометриялық ою-өрнектерді тауып, олардың былай аталу себебін түсіндіруді ұсынады. Ақырында, бесбұрышты ою-өрнектер қарастырылады.

б) Оқулықтағы бесбұрыштардың суреттері және шығармашылық тапсырма бойынша жұмыс істеледі. Ертегі жалғастырылады.

Қозының сөзін бөліп, ботақан:

- Бәрінен кем біз бе екенбіз? Адам біздің тәтті шұбатымыз бен мамықтай жүнімізді пайдаланады. Күш көлігі боламыз, жүнімізден түрлі киім жасалады, - дейді.

Ботаның тапсырмалары карточкаларға жазылған екен. Карточкалармен жұмыс істеуге оқушыларды таңдап алу үшін қаламақ айтылады:

*Өгіз семіз,
Жылқы қоңды,
Түйе қомды,
Ешкі майлы,*

*Шажырқайлы.
Сырым сүтті,
Саулығым құтты.*

(Карточкаларға оқулықтағы тапсырмалар жазылады):

№ 1 карточка	№ 2 карточка	№ 3 карточка
$4*5$	$4>\square, \square<4, \dots=4$	$\square+\square=4, 4-\square=4$
$5*4$		

5. Қорытынды

-Міне, осылайша төлдер әрқайсысы өздерін мақтап көп таласады. Бірінің сөзіне бірі көнбейді. Ақыры, олар иелерінен сұрайды.

-Балалар, бізге осы малдардың бәрі де пайдалы, ия. Ендеше, төлдерге Адам иесі (төлдердің жанына суреті ілінеді) былай деп жауап береді:

-Сендер босқа таласпаңдар. Бәрің де пайдалысыңдар. Әрқайсыларыңның өз орындарың бар. *«Бес саусақ бірдей емес»*. Дегенмен, әр саусақтың өзіндік пайдасы бар, - деп қорытындылайды.

-Балалар, адамның соңғы сөзін қайталайықшы.

-Қандай сан айтылып тұр? (5).

-Бүгін, сендермен қандай сан және цифрмен, фигурамен таныстық?

«Бес саусақ бірдей емес» мақалының мағынасы түсіндіріліп, сабаққа қорытынды жасалады.

(Математика: Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық // Т.Қ.Оспанов, т.б.- Алматы: Атамұра, 1997.- Б.32.)

САБАҚ 2.

ЕРТЕГІ САБАҒЫ

Сабақтың тақырыбы: *7-ге көбейту және бөлу*

Мақсаты: *7-ге көбейту және бөлу тәсілдерін меңгерту және оны пысықтау*

Міндеттері :

1) құрама есептерді шығаруға төселдіру; шамаларды санға көбейту және бөлу, қалдықпен бөлу біліктерін қалыптастыру; ауызша есептеулерді орындауға дағдыландыру; теңдеулерді құруға және оларды шешуге машықтандыру;

2) еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;

б) ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту

Қажетті құралдар: *қардың модельдері, ата мен әженің суреттері, Ақшақар қыз суретінің бөліктері, шырша және оның ойыншықтарының қима суреттері, өлең жолдары жазылған плакаттар, т.б.*

Сабақтың түрі: *ертегіге құрылған бекіту сабағы*

Сабақтың құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Ауызша есептеу

IV. Өткен материал бойынша білім, білік, дағдыны бекіту-оқулықпен жұмыс

V. Үй тапсырмасын беру

VI. Қорытынды

VII. Бағалау

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Балалар, сендер білесіңдер, біз 16 желтоқсан күні қандай мерекені атап өттік?
- Дұрыс айтасыңдар, еліміздің тәуелсіздік алған күнін мерекеледік. Бұл күнді біздің ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған еді, соған біз 1991 жылы қол жеткізіп, биыл тәуелсіздік алғанымыздың 13 жылдығын атап өттік. Тәуелсіздік алған күннен бастап, біздің Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жүргізіп келе жатқан саясаты қандай, білесіңдер ме? (елімізде бейбітшіліктің болуы, халықтар достығы, т.б.).
- Ия, осыған байланысты биылғы 2004 жылы Президентіміздің бұйрығымен Ресейдің Қазақстандағы жылы деп аталған болатын (эмблемасы көрсетіледі). Мұның өзі - біздің жанымыздағы Ресей мемлекетінің халқымен өзара ынтымақтастығымызды нығайту үшін жасалынып отырған шара. Биылғы жылы бізге Ресейдің өнерімен, мәдениетімен кеңірек танысып, етене жақындасуымызға мүмкіндік мол болды. Қазақстанға бірнеше Ресейдің мәдениет, өнер қайраткерлері іс сапармен келді. Біздің бүгінгі математика сабағымызға да, балалар, орыстың «Ақшақар» ертегісінің кейіпкерлері келген екен (ертегі кітабы көрсетіледі). Сендер, бұл ертегіні білесіңдер ме? Білмесеңдер, бүгін сабақта білетін боласыңдар. Кәне, ертегі кейіпкерлері - ата мен әжені қарсы алайық (Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар, Қазақстан жеріне).
- Балалар, ата мен әже алыс жолдан арнайы келіп, сендерден көмек сұрай келді. Өйткені оларға математикадан көп білетін балалар керек. Ал қандай

көмек керек екенін сосын білесіңдер, алдымен ата мен әже сендердің білімдеріңді тексеріп алғысы келеді.

II. Үй тапсырмасын тексеру

- Балалар, олар сендердің үй тапсырмасын қаншалықты дұрыс орындағандарыңды тексереді. Сендер тапсырманы оқисыңдар, егер дұрыс болса, ата мен әженің сағаты шырылдайды, қате болса үнсіз қалады. Кәне, тексеруге кірісейік (үй тапсырмасы тексеріледі).
- Міне, балалар, сендер үй тапсырмасын дұрыс орындаған екенсіңдер, ата мен әже сендерге сенетінін білдірді. Енді қандай көмек сұрай келгендерін білейік. Ол үшін ертегіні оқимыз.
- Ерте-ерте ертеде, ата мен әже өмір сүріпті. Олардың сиыры да, қойы да, тауығы да, пеш түбінде мысығы да болыпты, ал балалары болмапты. Олар оған қатты қайғырыпты. Бірде қысты күні аспанға бұлт үйіріледі. Міне, тақтаға қараңдар (бұлтқа оқушылардың назары аударылады).

III. Ауызша есептеу

-Балалар, бұлттан сендер не көріп тұрсыңдар? Сандар, ия. Ендеше ата мен әжеге біздің көмегіміз керек. Біз, жоғарыда айттық қой, оларға көмектесу үшін біздің математикадан біліміміз күшті болу керек деп. Кәнекей, тағы да сынап көрейік. Өткен сабақта біз балалар қандай тақырыпты өттік? (7-ге көбейту және бөлу). Мына бұлттағы тапсырмалар соған байланысты берілген. Кәне, енді есептеу дағдыларымызды жетілдіру үшін алдымен мына сандарға 7-ні көбейтейік. Сонда бұлт тамшылары қарға айналады. Енді, қарларды жерге түсіру үшін мына шыққан сандарды 7-ге

бөлейік. Балалар, өте дұрыс есептедіңдер. Міне, жерге қаншама көп қар түсті.

- Ертегімізді жалғастырайық (кітап бойынша суретті көрсете отырып). Сөйтіп, бір күні, міне, өздерің көріп отырғандай жерге көп қар түседі. Балалардың барлығы далаға шығып, қармен ойнайды, шана тебеді, аққала жасайды. Терезеден оларға ата мен әже қарап отырып, балаларға қызығады, өздерінің баласы жоқтығына қатты қайғырады. Сосын ата кемпіріне айтады: «Жүр, кемпір, далаға шығайық, біз де аққала жасайық. Әже қуанып: «Жасасақ, жасайық. Бірақ, аққала емес, Ақшақар жасайық»- дейді.» Өйткені, балалар, сендер білесіңдер, аққала-ол қардан жасалынған кемпір, ал ақшақар-қардан жасалынған қыз. Сондықтан ата мен әже қыз балалары болғанын армандап, ақшақар жасағылары келеді. Ата мен әже қарттар ғой, біздің оларға көмектесуіміз керек.

IV. Оқулықпен жұмыс.

1- жаттығуға қараймыз. Тапсырмасын оқиық. Дұрыс, енді, балалар, оқулықтағы **1- жаттығудың а-сын** орындайық.

Есеп шығару:

1) *Есеп мазмұны бойынша жұмыс*

а) Есептің мәтінін оқыту.

ә) Мазмұнында не жайында айтылғанын анықтау.

2) *Есепті талдау*

а) LG маркалы телевизор қанша? (38, яғни ол белгілі).

ә) Самсунг ше? (18).

б) Сонда дүкенге барлығы қанша телевизор өткізгені белгілі ме? (белгісіз) Оны табу үшін не істейміз? (38+18)

в) неше дүкенге бөліп берген? (7).

в) Есепте бізден нені сұрап тұр?

- Әр дүкенге неше телевизордан түсті?

LG-38 (т)

7 дүкен

Самсунг -18 (т)

Әр дүкенде-?

3) *Есептің шешуі мен жауабын жазу*

Ш: $(38+18):7=8$

Ж: Әр дүкенге 8 телевизордан түсті.

- Дұрыс, балалар, міне біз ақшақардың бір бөлігін жасадық. Әрі қарай жасауға кірісейік. Ол үшін 1-жаттығудың ә-сін шығарайық.

3) *Есеп мазмұны бойынша жұмыс*

а) Есептің мәтінін оқыту.

ә) Мазмұнында не жайында айтылғанын анықтау.

4) *Есепті талдау*

а) Балабақшаға қанша жаңа орындық әкелді? (32, яғни ол белгілі).

ә) Неше топ және қанша орындықтан алды? (4 топ-7 орындықтан).

б) Есепте бізден нені сұрап тұр?

- Неше орындық артылып қалғанын.

Барлығы-32 (о)

Алғаны- 4 топ-7 (0)

Артылып қалғаны-?

- 4 топ барлығы қанша орындық алғанын табу үшін не істейміз? (4-ті 7-ге көбейтеміз). Сосын артылып қалғанын табу үшін не істейміз? Барлық орындық санынан 4 топ алған барлық орындық санын азайтамыз.

3) *Есептің шешуі мен жауабын жазу*

Ш: $32 - (4 \cdot 7) = 4$

Ж: 4 орындық артылып қалған.

- Енді жаттығуда берілген, тапсырмаға қайтып оралайық.

-Екі есептің ұқсастығы неде? (Екеуі де екі амалмен шығарылатын құрама есеп).

-Ал айырмашылығы неде? (1-ші есепте қосу мен 7-ге бөлу амалы, 2-ші есепте 7-ге көбейту мен азайту амалы орындалды).

- Ендеше, бұл есептер қандай есептер? (Өзара кері есептер) .

- Дұрыс, балалар, міне, сендер ата мен әжеге ақшақардың екінші бөлігін жасауға көмектестіңдер. Енді әрі қарай Ақшақарды жасайық.

№ 2 жаттығу: Өзіндік жұмыс.

- Балалар, қараңдар, мына қарлардың барлығы сиқырлы қарларға айналып кетіпті. Олардан ақшақар жасалынбай тұр. Ол үшін сендер 2-жаттығуды өз беттерімен орындауларың керек. Сонда олардан ақшақар жасалынатын болады. Кәне, тезірек орындау үшін 2-жаттығудың алғашқы 3-уін 1-қатар, әрі қарай 3-уін- 2-қатар, қалған 3-уін 3-қатар орындасын.
- Орындап болдыңдар ма? Енді алдарыңда жатқан қарларды қараңдар. Оларда сендердің орындаған тапсырмаларыңның дұрыс жауаптары берілген. Соларды маған көрсетіңдер (әрбір қатар көрсетіп шығады). Өте дұрыс орындапсыңдар, сонымен біз ақшақардың басын жасадық. Енді көздерің, мұрның, аузың жасауымыз керек.

№ 3 жаттығу:

- Көзін жасау үшін бізге моншақтар керек. Міне, тақтада, моншақтар тізіліп тұр. Содан екеуін алып, тапсырманы орындаңдар. Орыстың қыздарының көзі қандай болады? (көк). Ендеше көк моншақтарды алыңдар. Мұрны мен аузың салу үшін бояу

қарындаштар керек. Тақтадан бояу қарындаштарды алып, олардағы тапсырманы орындаңдар. Сосын мұрны мен аузын саламыз (көк, қызыл бояуды таңдап алады). Дұрыс, тапсырмаларды орындадыңдар. Сөйтіп, Ақшақардың көзін, мұрнын аузын салдық.

- Шаршаған шығарсыңдар. Дем алып алайық. **Сергіту сәті.**
- Сонымен, балалар, біз ата мен әжемен бірігіп Ақшақарды жасадық. Сендер білесіңдер, ата мен әжеде бала жоқ. Ал олар осы қыздың өздеріне бала болғанын қалайды. Сендер осы Ақшақардың жүргенін, сөйлегенін қалайсыңдар ма? (ия). Ендеше, бізге сабаққа сиқыршы келіпті. Ол Ақшақарды сөйлетемін, жүргізтемін дейді. Ол үшін біз сиқыршының тапсырмаларын орындауымыз керек.

1-ші тапсырма-4-жаттығу-ауызша.

2-тапсырма-5-жаттығу «Шыршаны безендірейік» ойыны.

- Балалар, бізде қандай мереке жақындап келе жатыр? (жаңа жыл) Дұрыс айтасыңдар. Ендеше сиқыршы бізге шыршаны безендіруді ұсынып отыр. Міне, мына ойыншықтардың артында тапсырмалар бар. Сендер соны орындап, шыршаны безендіріңдер.
- Дұрыс, шыршаны безендірдік. Енді сиқыршының келесі тапсырмасын орындайық.

3-тапсырма- Өлең жолдарын құрастыру

1-жолы - 6-жаттығу

- Тапсырманы оқимыз. Есе арттыру деген қандай амалды білдіреді? Арттыру ше?

- Тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Өлеңнің 1-жолы шықты:
- **Ақшақарды қарсы аламыз,**
- **2-жолы-шығармашылық тапсырма**
- Ұзындығы 5 м бөрені 1 метрден неше рет кесу керек?
- | | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|
- 4 рет. Егер 1-бөренені 2 минут кессе, 4 рет кесуге қанша уақыт кетеді? $4 \cdot 2 = 8$ минут.
- Тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Өлеңнің 2-жолы шықты:
- *«Қош келдің!»-деп жар саламыз.*
- Дұрыс, енді өлең жолдарын толық оқиық, сол сәтте бізге сиқыршы Ақшақарды сөйлетіп, жүргізтемін дейді (балалар өлең жолдарын хормен оқиды, сл сәтте Ақшақар қыз кіріп келеді).
- **Ақшақар:** Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер математиканы өте жақсы біледі екенсіңдер. Мені жасап, ата мен әжені қуантқандарына көп рахмет. Шыршаны да безендіріп қойыпсыңдар. Қандай еңбекқор баласыңдар. Жаңа жыл мерекесі келе жатыр. Неше күн қалды?
- Дұрыс айтасыңдар. Ендеше мен сендермен Жаңа жылда кездесемін. Әзірше, қош болыңдар. Ұмытып, бара жатыр екенмін. Менің сендерге үйге беретін тапсырмам бар. Оны дұрыс орындасаңдар, жаңа жыл кешінде сыйлыққа ие боласыңдар.

VII. Үй тапсырмасы. №7 жаттығуларды орындау.

Ақшақар: Көріскенше, сау болыңдар.

VIII. Қорытынды

- Сонымен, балалар, ата мен әже сендерге рахметтерін айтып жатыр. Ертегі ұнады ма? Ол әлі аяқталған

жоқ. Оның жалғасын сендер мына кітаптан оқып аласыңдар. Орыс тілінде. Сендер орысша түсінесіңдер ме, түсінбесеңдер, үйдегі үлкендерден сұрап аласыңдар. Сонымен биыл біз Ресейдің Қазақстандағы жылын қорытындылаймыз. Жаңа жылды қарсы аламыз.

- **IX. Бағалау**

(Математика: Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық // Т.Қ.Оспанов, т.б.- Алматы: Атамұра, 1999.- Б. 90-91.)

**САБАҚ 3.
ОЙЫН САБАҒЫ**

Сабақтың тақырыбы: *Екі амалмен шығарылатын есеп*
Мақсаты: *екі амалмен шығарылатын есеппен және оны шығару тәсілімен таныстыру*

Міндеттері:

- 1) *2 санын қосу және азайту біліктерін қалыптастыру*
- 2) *еңбек тәрбиесін беру*
- 3) *ойлау операцияларын дамыту*

Қажетті құралдар: *дидактикалық ойындарға қажетті көрнекіліктер, т.б.*

Сабақтың түрі – ойынға құрылған аралас сабақ

Сабақтың құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Ауызша есептеу

III. Жаңа материалды түсіндіру

IV. Өткен материал бойынша білім, білік, дағдыны бекіту-оқулықпен жұмыс

V. Қорытынды

VI. Үй тапсырмасын беру

VII. Бағалау

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

А) Мұғалім мен оқушылар бірігіп, мына өлең жолдарын айтады:

Жалқаулықты тастаймыз,

Математика сабағын бастаймыз.

ә) Оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға өлең-есеп ұсынылады:

Ұлым, ұлым, ұлым деп

Ұлдарын ана сүйеді.

Гүлім, гүлім, гүлім деп

Қыздарын ана сүйеді.

Ананың неше ұлы, неше қызы бар?

II. Ауызша есептеу бойынша «Телефон» ойыны жүргізіледі.

Ойынның дидактикалық мақсаты: оқушылардың ауызша есептеу біліктіліктерін қалыптастыру

Құрал-жабдығы: телефонның модельдері

Мазмұны: Ойын шарты бойынша мұғалім оқушыларға телефон арқылы қоңырау шылдырлатып, ауызша есептеуге мысалдар айтады. Оқушы телефонды көтеріп, мұғалімге мысалдың жауабын береді. Ұсынылатын мысалдар:

$$4+2=6, 6-2=4, 6+2=8, 8-2=6, 7+2=9$$

$$9-2=7, 8+2=10, 10-2=8, 9+2=11, 11-2=9.$$

III. Жаңа материалды түсіндіру

1-жаттығу: Есеп шығару

1. Мәтінмен жұмыс

а) Оқушылардың есептің мәтінін оқуы

ә) «Сүрлем» сөзінің мәнін ашып көрсету

2. Есептің мазмұнын талдау:

- Мал қыстауындағы сүрлем жайында не айтар едіңдер?

- 12 машина сүрлем әкелініп еді, оның 2 машинасы жұмсалды.

- Осы өзгерісті қалай математикалық тілде жазып көрсетуге болады? (12-2)

- Барлық сүрлемнен жұмсалған сүрлемді аламыз, яғни 12-

2. Бұл неше машина сүрлем қалғанын білдіреді.

- Тағы қандай өзгеріс болды? 5 машина жем әкелді.

- Мал қыстауында 12 - 2 машина сүрлем және 5 машина жем бар.

- Барлық сүрлем мен жемді біріктірейік, яғни (12-2)+5

3. Есептің шешуі мен жауабын жазу:

$$\text{Шешуі: } (12-2)+5=15$$

Жауабы: 15 машина сүрлем мен жем бар.

- Есептің сұрағына жауап беру үшін неше амал орындалды?
(2)

2-жаттығу: Есеп шығару

1) Есептің мәтінін оқыту

2) «Науа» сөзінің мағынасын түсіндіру

3) Есепті талдау

- Науада 6 шелек су бар еді, оған тағы 4 шелек су құйды? Осы өзгерісті қалай жазып көрсетеміз: $6+4$
 $6+4$ –науада барлығы неше шелек су бар екенін білдіреді.

-Тағы қандай өзгеріс болды?

-Науадағы $6+4$ судың 7 шелегі ішілді.

-Олай болса $(6+4)-7$ десек, науада неше шелек су қалғанын анықтаймыз.

-Есептің сұрағына жауап беру үшін алдымен қандай амал орындалады? (қосу)

-Содан кейін ше?(азайту)

-Есепті неше амалмен шығардық? (2)

-Сонымен, балалар бүгіннен бастап, біз сендермен екі амалмен орындалатын есептерді шығаратын боламыз.

IV. Өткен материал бойынша білім, білік, дағдыны бекіту- оқулықпен жұмыс

№3 жаттығу: Әріптік өрнектің мәнін табу

$a-2$; $a=32;59;11$.

$32-2=30$

$59-2=57$

$11-2=9$

№4 жаттығу: Сандық өрнектің мәнін табу :«Көлдегі аққулар» ойыны

Ойынның дидактикалық мақсаты: оқушылардың есептеу біліктерін қалыптастыру

Құрал-жабдығы: плакатқа салынған көлдің суреті, аққудың кеспе суреттері.

Мазмұны: Ойын шарты бойынша мұғалім оқушыларға көлден шығып қалған аққулардың көлге қайтып оралуына көмектесу керектігін айтады. Аққулардың киелі, сұлу құс екендігі туралы әңгімелеп, ойынның тәрбиелік мәніне көңіл бөлінеді. Көлден шығып қалған аққуларға көмектесу үшін суреттердің артында жазылған сандық өрнектердің мәнін табу керек. Сандық өрнектер оқулықтағы №4 жаттығудан алынады.

№5,6 жаттығу: «Кім тез ұшады?» ойыны

Ойынның дидактикалық мақсаты: екі таңбалы сандардың нөмірленуі туралы білімдерін пысықтау

Құрал-жабдығы: ракеталардың модельдері

Мазмұны: Ойын шарты бойынша мұғалім оқушыларды екі топқа бөліп, қай топтың оқушылары жаттығуды жылдам, әрі дұрыс орындаса, сол топтың оқушылары космосқа бірінші болып ұшып баратынын айтады.

Шығармашылық жаттығу : «Бәйге» ойыны

Ойынның дидактикалық мақсаты: оқушылардың логикалық ойлауларын дамыту

Құрал-жабдығы: плакатқа салынған жазық даланың суреттері, аттардың кеспе суреттері.

Мазмұны: Ойын шарты бойынша мұғалім оқушыларға бәйге жарысы болатынын, оған әркім өз тұлпар аттарын қоса алатындықтарын айтады. Оқулықтағы шығармашылық тапсырманы кім жылдам, әрі дұрыс орындаса, соның аты бәйгеден озып келеді...

V. Қорытынды: Мұғалімнің тапсырмасы

Саматта 5 алма бар еді. Оған тағы 3 алма берді. Ол оның 2-уін Айнашқа берді. Саматта қанша алма қалды?

Шешуі: $(5+3)-2=6$

Жауабы: 6 алма

- Есепті неше амалмен шығардық? (2)

-Сонымен, балалар бүгін сендер қандай есептерді шығарып үйрендіңдер (екі амалмен орындалатын есептер)

VI. Үйге тапсырма: №4 жаттығудың 2-3 бағандарын орындау

VII. Соңында оқушылардың білімі бағаланады.

(Математика: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық // Т.Қ.Оспанов, т.б.- Алматы: Атамұра, 1998.-Б.54-55.)

САБАҚ 4. ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: 3-ті қосу және азайту

Мақсаты: *ондықтан аттан 3-ті қосу және азайту тәсілдерімен таныстыру*

Міндеттері :

1) екі амалмен шығарылатын есептерді шығару біліктерін қалыптастыру; теңдік, өрнек туралы ұғымдарын бекіту

2) дене тәрбиесін беру

б) ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту

Қажетті құралдар: *«Денсаулық рухының» бейнесі, тоқылдақтың, түймедақтың, спортшының, дәрігердің суреттері, «сиқырлы суреттер - күн, ауа, су», компьютер, т.б. дидактикалық материалдар*

Сабақтың түрі: *жаңа материалды түсіндіру мақсатында валеология сабағымен бірлескен интеграциялық сабақ*

Сабақтың құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Ауызша есептеу

III. Жаңа материалды түсіндіру

IV. Өткен материал бойынша білім, білік, дағдыны бекіту-оқулықпен жұмыс

V. Қорытынды

VI. Үй тапсырмасын беру

VII. Бағалау

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Балалар, бүгінгі сабағымызда «Денсаулық мерекесі» болады.

Денсаулығы ананың,
Денсаулығы баланың,
Денсаулығы қарттың да,
Қамқорлығы ғаламның-
деп, кәне, денсаулық мерекесін бастайық. Балалар,
біздің мерекемізге баршамызға күш-қуат беріп,
денсаулық сыйлайтын «Денсаулық рухы» қонаққа келді
(көңілді әуен ойналып, әдемі, аппақ қыз бейнесінің
суреті ілінеді).
Білесің бе, досым сен
Оқу үшін не қымбат?
Ең қымбатың –денсаулық,
Соны түсін, сырын бақ.

- Денсаулық рухының бізге арнап әкелген сыйлығы бар. Ол сыйлықты кім сабаққа жақсы қатынасады, сол балаға береді. Ал егер барлығымыз сабаққа жақсы қатыссақ, онда барлығымызға беріледі.

- Сабаққа жақсы қатынасамыз ба? (Ия)

-Ендеше, балалар, бері қараңдар. Денсаулық рухы біздің мерекемізге асығып келе жатқанда, қолындағы сендерге арнап әкеле жатқан тілегі түсіп қалыпты, ол оны таба алмай тұр. Кәнекей, көмектесіп жіберейікші (Қыздың қолында «денсаулық-» деген сөз жазылған қатты қағаз болады. Жеке қағаздарда «зор байлық», «бақыт», т.с.с. сөздер жазылады. Балалар «Денсаулық-зор байлық» деген нақылды таңдап алады).

II. Ауызша есептеу

-Балалар, біздің халқымыз бірнеше ауруға ем ретінде «түймедақ» деген дәрілік шөпті пайдаланған. Денсаулық рухы осы гүлді бізге сыйлағысы келіп тұр. Ол үшін мына есептеулерді ауызша орындауымыз керек (Түймедақ гүлінің күлтелерінде ауызша есептеулерге мысалдар жазылады)

III. Жаңа материал бойынша жұмыс

$$8+3=(8+2)+1=11$$

$$9+3=(9+1)+2=12$$

$$11-3=(11-1)-2=8$$

$$12-3=(12-2)-1=9$$

11 дегеніміз -3 және неше? 3 және 8, өйткені $8+3=11$.

12 дегеніміз- 3 және неше? 3 және 9, өйткені $9+3=12$.

Қалталы полотнода дөңгелектер, үшбұрыштардың модельдері арқылы бейнелеу жүзеге асырылады.

IV. Оқулықпен жұмыс

1. № 2 жаттығу: «Сиқырлы суреттер» ойыны.

Ойынның дидактикалық мақсаты: ондықтан аттап 3-ті қосу және азайту туралы оқушылардың білімдерін бекіту

Құрал-жабдығы: плакатқа салынған күн, су, ауаға байланысты сюжетті суреттер.

Мазмұны: Ойын шарты бойынша суреттердің астында қатты қағазда мысалдар жазылып тұрады. Мысалдарды орындап болған соң қағаздың екінші бетін ашады, сонда әрбір суреттің атауы анықталып: «Күн, су, ауа-дертке дауа» деген нақыл шығады. Мысалдар 2-жаттығудан алынады.

2. Орман емшісі-тоқылдақ,

Сабаққа келді тоқылдап.

Тапсырмасын ала келді,

Көңілге түрлі ойды сала білді.

Тоқылдақтың тапсырмасы- № 3 жаттығу: Есеп шығару

5) *Есеп мазмұны бойынша жұмыс*

а) Есептің мәтінін оқыту.

ә) Мазмұнда не жайында айтылғанын анықтау

б) *Есепті талдау*

а) Асханаға барлығы қанша картоп әкелінді?

Әкелінгені 20 кг және 15 кг

ә) Қанша картоп жұмсалды?

Жұмсалғаны- 5 кг

б) Есепте бізден нені сұрап тұр?

Қалғаны-?

в) Барлығы қанша кг картоп әкелінгенін қалай білеміз?
(20+15).

г) Қалғанын қалай табамыз? (20+15)-5

3) Есептің шешуі мен жауабын жазу

Ш: (20+15)-5=30

Ж: 30 кг

4) Есепті шешкеннен кейін жүргізілетін жұмыс

Есепті неше амалмен шығардық? (2)

Есептің шешімінің дұрыстығын қалай тексеруге болады?

$(30+5)-15=20$; $:(30-20)+5=15$; $15-(30-20)=5$

3. Спортшымыз-шеберміз,

Шыныққан біздің денеміз.

Ешқашан да ауырмай,

Жеңістерге жетеміз.

- Балалар, бізге денесі шымыр спортшы тапсырма әкеліпті.

Спортшының тапсырмасы- № 4 жаттығу: Есеп шығару (№3 жаттығу сияқты орындалады).

Сергіту сәті

Сағаттың тіліңдей, иіліп оңға бір.

Сағаттың тіліңдей, иіліп солға бір.

Оң аяқ, сол аяқ

Жаттығу оңай-ақ.

4. Тіс ауырса,

Іш ауырса,

Бізге дәрі береді

Барлық бала,

Барлық адам

Оны жақсы

көреді.

- Өлеңде кім жайында айтылған? (дәрігер)

- Ендеше, балалар, бізге компьютер арқылы электронды хат келіпті. Бұл хатты бізге дәрігер жіберіпті.

Дәрігердің тапсырмасы-шығармашылық жаттығу: 2, 3, 5 сандарын пайдаланып, мәні 4-ке тең өрнектерді жаз.

$2+5-3$; $5+2-3$; $5-3+2$; $5-(3-2)$

5. - Балалар, енді бәріміз бүгінгі мерекеміздің «Денсаулық күнінің» белгісін (эмблемасын) салайық: №6 жаттығуды орындау

$18+3=21$; $28+3=31$; $38+3=41$; $48+3=51$; $58+3=61$; $68+3=71$;
 $78+3=81$; $88+3=91$.

V. Үй тапсырмасы: №5 жаттығуды орындау.

VI. Қорытынды: Жаңа материал бойынша оқушыларға сұрақтар қойылып, олардың білімді меңгеру деңгейі айқындалады.

- Дұрыс айтсаңдар, бүгін сабаққа барлығын жақсы қатыстыңдар.

Денсаулық рухы сендерге өте риза болып, дендеріңнің саулығын тілеп, өз сыйлығын ұсынады.

VII. Бағалау

(Математика: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық // Т.Қ.Оспанов, т.б.- Алматы: Атамұра, 1998.-Б.55-56.)

САБАҚ 5. САЯХАТ САБАҒЫ

Сабақтың тақырыбы: 7-ні қосу және азайту

Мақсаты: ондықтан аттап 7-ні қосу және азайту тәсілдерімен таныстыру; 7-ні қосу және азайтудың кестелік жағдайларын екі амалдан тұратын өрнектермен, есептеулермен байланысты іс-әрекеттерде қолдануға машықтандыру; екі амалмен шығарылатын есептерді шешу біліктіліктерін қалыптастыру.

Міндеттері :

1) теңдік, өрнек туралы ұғымдарын бекіту

2) ақыл-ой тәрбиесін беру

б) ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту

Қажетті құралдар: математикалық ребус, барыстың, Роботтың, көгершіннің суреті, зәулім биік үйлердің, компьютердің, ұялы телефонның, тік ұшақтың макеттері, Ғарыш бейнесі, ұлағатты сөз жазылған плакат.

Сабақтың түрі: жаңа материалды түсіндіру мақсатына құрылған саяхат сабақ

Сабақтың құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Ауызша есептеу

IV. Жаңа материал бойынша жұмыс

V. Оқулықпен жұмыс

VI. Жаңа материалды бекіту.

VII. Үй тапсырмасын беру

VIII. Қорытынды

IX. Бағалау

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

- «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ»- деген данышпан, дана халқымыз. Ендеше, балалар, бүгін біз сабағымызда бір сәт болашаққа саяхат жасап көрейікші. Сендер сабақта тапсырмаларды орындай отырып, көз алдарына болашақтың жарқын көрінісін елестетін боласыңдар. Айтыңдаршы, «болашақ» дегенде сендер ой елегінен қандай сөздерді өткізіп, көз алдарында нені елестетесіңдер? (плакатқа маркермен «робот, зәулім биік үйлер, компьютер, ұялы телефон, ғарышқа ашық жол, т.с.с.» сөздер жазылады).
- Дұрыс, балалар, ендеше саяхатымызды бастайық. 1-ші тапсырма біздің логикалық ойлау қабілетімізді дамытуға арналған, яғни математикалық ребус шешу (ребустың шешуі-Барыс. Осы тұста балалардың назарын барыстың суретіне және оның астына жазылған құпия сөзге аудару керек).
- Балалар, мына жерде болашақ туралы құпия сөз жазылған. Оны сендер, бүгінгі сабаққа белсене қатынасып, тапсырмалардың барлығын дұрыс, әрі жылдам орындасандар, білетін боласыңдар (құпия сөздің беті «Білгенге-маржан» деген сөз жазылған ақ қағазбен жабық тұрады).

II. Үй тапсырмасын тексеру

- Балалар, бізге сабаққа Робот келіпті. Ол сендердің үй тапсырмасын қаншалықты дұрыс, әрі сапалы орындағандарыңды тексереді. Сендер тапсырманы оқысыңдар, егер дұрыс болса, Роботтың қолындағы көк шам жанады, ал қате болса, онда қызыл шам жанады. Кәне, тексеруге кірісейік (үй тапсырмасы тексеріледі).

- Міне, балалар, болашақта біздің барлық іс-әрекетімізге бағыт беріп отыратын осындай Роботтар болады екен.

III. Ауызша есептеу

-Балалар, кәне енді есептеу дағдыларымызды жетілдіру үшін мына өрнектердің мәнін ауызша табайық, сонда сендер біздің болашақта қалаларымыз қалай көркейетінін көретін боласындар. (зәулім биік үйлердің беттерінде ауызша есептеулерге мысалдар жазылады)

IV. Жаңа материал бойынша жұмыс

А) компьютердің бетінде шаршылардың суреттері бейнеленеді (жаңа материал әдістемеге сәйкес түсіндіріледі).

$$7+7=(7+3)+4=14$$

$$14-7=(14-4)-3=7$$

- Балалар, осылайша болашақта әркім компьютер арқылы өз білімін жетілдіретін болады. Электронды оқулықтар пайда болады, яғни мына сендердің алдарында жатқан оқулықтар компьютерде теріліп, әрбір адам компьютерден өзіне керегін оқитын болады.

V. Оқулықпен жұмыс

- Енді, балалар, оқулықтағы **1- жаттығудың ә-сіне** қарайық. Бұл жаттығу біздің бүгін танысқан ондықтан аттап 7-ні қосу және азайту тәсілдерін терең меңгеруге арналған. Қазір мен кез келген топқа ұялы телефон арқылы қоңырау соғамын. Ал, сендер, ең алдымен топта тапсырманы қарап шығып, орындандар да, ұялы телефонға кім жауап беретінін анықтаңдар (балалар ауызша тапсырманы орындайды).

- Міне, балалар, болашақта әрқайсымызда ұялы телефон арқылы хабарласуға мүмкіндік болады.

№ 3 жаттығу:

- Балалар, кім маған электронды почта деген не екенін түсіндіреді?
- Ендеше әрбір топ компьютерлерінді іске қосыңдар. Мүмкін сендерге электронды почта арқылы хабарлама келген шығар.
- Келіпті ме? Тапсырманы орындайық. Сосын тексереміз (компьютердің бетінде 3- жаттығу тапсырмалары жазылады. Балалар оны өз бетімен орындайды).
- Міне, балалар, болашақта біздің әрқайсымыздың үйімізде компьютер болып, біз бір-бірімізге электронды почта арқылы хат- хабар жіберіп отыратын боламыз.
Балалар, енді барлығымыз ғарышқа саяхат жасайық. Кәне, ұшуға дайындалыңдар. Дайынбыз ба? Ендеше ұшамыз (Тік ұшақ ғарышқа ұшып барады).
 - Балалар, сендер неше және қандай планеталар бар екенін білесіңдер ме?
- Ең алдымен, Жерге жақын Марсқа барайық. Марсты аралау үшін бізге есеп шығару керек. Оқулықтағы 4- жаттығуды орындаймыз.

№ 4 жаттығу: Есеп шығару

7) *Есеп мазмұны бойынша жұмыс*

а) Есептің мәтінін оқыту.

ә) Мазмұнда не жайында айтылғанын анықтау

8) *Есепті талдау*

а) Дүкеннен қанша қап картоп сатып алынды? (9, яғни ол белгілі).

Картоп-9 қап


ә) Ал қанша қап сәбіз сатып алынды? (5 қап кем, яғни ол белгісіз, қанша қап сәбіз сатып алынғаны айтылмаған).

Сәбіз-? 5-еуі кем

б) Оны табуға бола ма? (Болады, 5 қап кем сатып алынғандықтан, 9 қап болуға 4 қап жетпейді, яғни сәбіз 9-5 қап сатып алынған).

в) Есепте бізден нені сұрап тұр?

- Барлығы қанша қап көкөніс сатып алынғанын?

Картоп-9 қап . 

Сәбіз-? 5-еуі кем

3) Есептің шешуі мен жауабын жазу

Ш: $9+(9-5)=13$

Ж: 13 қап көкөніс сатып алынды.

4) Есепті шешкеннен кейін жүргізілетін жұмыс (Әдістеме бойынша)

Есепті неше амалмен шығардық? (2)

- Міне, балалар, Марсқа ендік (Марс планетасы туралы шағын әңгіме айтылады).

- Сонымен, Марсқа саяхатымыз аяқталды. Енді келесі планетаға- Юпитерге барайық. Ол үшін оқулықтағы **6- жаттығуды** орындаймыз (6- жаттығу жазбаша орындалады: $17+7$, $27+7$, $37+7$, $47+7$ т. с. с)

- Міне, балалар, Юпитерге ендік (Юпитер планетасы туралы шағын әңгіме айтылады).

- Сонымен, Юпитерге саяхатымыз аяқталды. Енді келесі планетаға- Сатурнға барайық. Ол үшін оқулықтағы **шығармашылық тапсырманы** орындаймыз (Жасыл қоршауға алынған тапсырманың мүмкін жағдайлары қарастырылады: $(8+3)-10=1$, $(8-3)-4=1$)

- Міне, балалар, Сатурнға келдік (Сатурн планетасы туралы шағын әңгіме айтылады).
- Сонымен, Сатурнға саяхатымыз аяқталды. Енді Жерге қайтып оралайық. Біраз планеталарды араладық, олар өте көп, қалғанына келесі жолы келеміз.

VI. Жаңа материалды бекіту

- Кәне, енді парашюттерімізді дайындап, Жерге түсейік. Ол үшін әрбір парашюттегі тапсырмаларды орындауымыз керек (5 топқа ондықтан аттап 7-ні қосу және азайту тәсілдерін бекітуге тапсырмалар беріледі). Қай топ, бірінші орындайды, сол топ Жерге бірінші болып түседі (әр топтан бір оқушы түсіндіре отырып, ауызша жауап береді. Осылайша балалардың жаңа білімді меңгеру деңгейі айқындалады).

- Болашақта осылайша Ғарышқа жол ашылып, әрқайсымыз сапар шеге алатын боламыз.

VII. Үй тапсырмасын «Бейбітшілік құсы» көгершін әкеледі: **№2, 5 жаттығуларды** орындау.

- Біздің, сабағымызға «Бейбітшілік құсы» көгершін ұшып келді. Бұл болашақта барлық әлемде бейбітшілік болады дегеннің белгісі, соғыс болмайды, әрбір халық, әрбір ұлт тату-тәтті, бақытты өмір сүретін болады.

VIII. Қорытынды

- Сонымен, бүгін сабаққа барлығын жақсы қатыстыңдар. Ендеше құпия сөздің сырын ашайық: Н.Назарбаевтың «2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін» деген сөзі шығады.

- Міне, балалар, біздің Президентіміз Қазақстанның болашағын барысқа теңеген. Өйткені барыс- текті, алғыр, тәкаппар, батыл, күшті аң. Сондықтан біздің бүгінгі сабағымыздың да белгісі барыс болды. Болашағымыз жарқын болсын, балалар.

IX. Бағалау

(Математика: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық // Т.Қ.Оспанов, т.б.- Алматы: Атамұра, 1998.-Б.67-68.)

САБАҚ 6. АУКЦИОН САБАҒЫ

Сабақтың тақырыбы: *Көп таңбалы сандар, оларды оқу, жазу және салыстыру.*

Мақсаты: *көп таңбалы сандарды оқуға, жазуға және салыстыруға үйрету.*

Міндеттері:

а) мәтінді есептерді шығару дағдыларын қалыптастыру;

ә) 10-ға, 100-ге, 1000-ға көбейту және бөлу біліктерін қалыптастыру;

б) ақыл-ой тәрбиесін беру

в) ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту

Қажетті құралдар: *: тақтада ілінген безендірулер, яғни «Қош келдіңіздер!», «Саудаңыз сәтті болсын!», «Біліміңе қарап, өзіңді сына» деген плакатқа жазылған сөздер және сатып алынатын заттар, «Қуыршақ» ойыншығы, т.б.*

Сабақтың түрі: *білім, білік, дағдыны бекіту мақсатына құрылған аукцион сабағы.*

Сабақтың құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Ауызша есептеу

IV. Оқулықпен жұмыс: білім, білік, дағдыны бекіту бойынша тапсырмалар орындау

V. Үй тапсырмасын беру

VI. Қорытынды

VII. Бағалау

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Балалар біздің математика сабағымыз ерекше сабақ болады, себебі бүгін сабақта аукцион болады. Аукцион-дегеніміз ол сауда жұмысы. Бүгін сабақта сендердің білімдерін саудаға түседі, яғни сендерге тапсырмалар беріледі. Әрбір тапсырманың бағасы 1-5 ұпай аралығында белгіленген. Сендер топтың мүшелерімен ақылдасып, тапсырмаларды сатып аласыңдар да, орындайсыңдар. Қай топ тапсырманы көп, әрі дұрыс орындаса, сол топ бүгінгі аукционның жеңімпазы атанады.

1 топ – «Балдырған»

2 топ – «Ойшылдар»

3 топ – «Тапқырлар».

Сонымен қатар әрбір топтың жинаған ұпайларын төреші жазып отырады. Ал енді аукционды бастайық:

Ау, жарандар, жарандар,
Бәрін маған қарандар.
Сатпақшымын әр түрлі,
Есептер мен мысалдар,
Тектен-текке бермеймін,
Білімдеріңді тергеймін.

I топ: «Балдырған»:

Біз балдырған, балдырған,
Есеп десе қуанған.
Білімді біз баламыз,
Жарыстан да озамыз.

II топ: «Ойшылдар»:

Кім көп білсе сол алар,
Рахатын да сол табар.
Біздер ойшыл балғындар,
Соған бүгін жол табар.

III топ: «Тапқырлар»:

Тапқырлар да қалыспас,

Сондықтан да ойында

Босқа тұру жараспас,-деп әрбір топ өз сәлемдемесін жолдайды.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Мұғалім үй тапсырмасы жазылған карточканы көрсетеді. Әрбір топ алдарында ұпай саны жазылған карточкаларды көтереді, қай топ ең жоғарғы ұпай санын бірінші көтерсе, сол топ үй тапсырмасын оқиды. Қалған топ оқушылары тексеріп отырады. Қате болған жағдайда, берілетін ұпай саны толығымен жойылып, тапсырманы қалған екі топ өзара саудаласып, сатып алады да, орындайды.

III. Ауызша есептеу.

- Балалар, тақтаға қараңдар. Сендерге ауызша есептеуге тапсырма берілген. Осы тапсырманы дұрыс орындасаңдар, өздерін бүгінгі аукционның қорытындысы бойынша сатып алатын ойыншықтың атауы шығады (тапсырма топтар арасында саудаға түседі, қай топ көп ұпай береді, сол топ тапсырманы орындайды).

Ы	180:2	Ш	350x2	Р	72-26
---	-------	---	-------	---	-------

А	420:60	У	46:23	Қ	540:90
---	--------	---	-------	---	--------

6	2	90	46	700	7	6
Қ	У	Ы	Р	Ш	А	Қ

IV. Оқулықпен жұмыс: білім, білік, дағдыны бекіту бойынша тапсырмалар орындау.

№1, 2 жаттығулар. Бірнеше бірлікке арттыруға жанама түрде берілген жай есепті шығару аукционға түседі. Үш топтың оқушыларына да тапсырманы орындау ұсынылады. Қай топ дұрыс, әрі сапалы жауап берсе, сол топ ұпай алады (оқушылардың назарын «кем» қатынасының жанама түрде қолданылып тұрғанына аудару керек).

№4,5 жаттығулар. Әр бағандағы тапсырмалар үш топқа бөлініп беріледі. Қай топ тез, әрі тапсырманы дұрыс орындайды, соған сәйкес ұпай алады.

№6 жаттығуға оқушылардың назарын аударып, 1-сұраққа 1-топ, 2-сұраққа 2-топ, 3-сұраққа 3-топ оқушылары жауап беру ұсынылады. Берген жауаптарына сәйкес ұпай алады.

№8 жаттығу. Әрбір топқа екі мысалдан бөлініп беріледі. Қай топ бірінші орындаса ең жоғарғы ұпайды, қалған топтар да тапсырманы орындау сапасына сәйкес ұпайларға ие болады.

№9 жаттығу. Әр бағандағы тапсырмалар үш топқа бөлініп беріледі. Қай топ тез, әрі тапсырманы дұрыс орындайды, соған сәйкес ұпай алады.

Шығармашылық тапсырма 3-топқа бірдей ұсынылады. Қай топ дұрыс, әрі сапалы жауап берсе, сол топ ұпай алады.

V. Үй тапсырмасын беру. №3,7 жаттығулар.

VI. Қорытынды. Төреші оқушылардың жинаған ұпайларының санын айтады. Қай топ ең көп ұпай жинаса, сол топ бүгінгі аукционның жеңімпазы атанып, саудаға қойылған қуыршақ ойыншығын алады.

VII. Бағалау

(Математика: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық // Т.Қ.Оспанов, т.б.- Алматы: Атамұра, 1999.-Б.18-20.)

САБАҚ 7. ЭКСКУРСИЯ САБАҒЫ

Сабақтың тақырыбы: *Килограмм (кг)*

Мақсаты: *массаның өлшем бірлігі-килограммен таныстыру.*

Міндеттері:

а) таразыларда заттардың массасын өлшеуді үйрету;

ә) қосындының мәнін және қалдықты табуға берілген жай есептерді шығаруға дағдыландыру;

б) екі таңбалы сандардың ретіне байланысты білік қалыптастыру;

в) әріптік өрнектерді құруға және олардың мәнін табуға дағдыландыру;

г) еңбек тәрбиесін беру;

д) зейінін, логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту

Қажетті құралдар: *таразылар, 1,2,5 кг гирлер, 2 кг алма, 1 кг пияз, 1 кг сәбіз, 1 кг картофель, бір пакет (2 кг) ұн.*

Сабақтың түрі: *жаңа материалды түсіндіру мақсатына құрылған экскурсия сабағы.*

Сабақтың құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Ауызша есептеу

III. Үй тапсырмасын тексеру

IV. Жаңа материал бойынша жұмыс

V. Оқулықпен жұмыс

VI. Жаңа материалды бекіту

VII. Қорытынды

VIII. Үй тапсырмасын беру

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар, бүгін біз массаның өлшем бірлігі - килограммен танысамыз. Сондықтан экскурсияға шығамыз. Қайда екенін білу үшін мына сөзжұмбақты шешуіміз керек:

			Б	Е	С			
			А	Л	П	Ы	С	
О	Т	Ы	З					
			А	Л	Т	Ы		
	К	Ы	Р	Ы	К			

II. Ауызша есептеу.

1. Алтыдағы Алматтың,
Алтау еді жаңғағы.
Біреуін мысық әкетті,
Қанша сонда қалғаны?
2. Маратта он алма,
Саматта он алма.
Барлығын қосқанда,
Болады жиырма алма.
Жиырманы үш рет қосқанда,
Шығады қанша алма?
3. Мұз айдында жиырма бала,
Сырғанап жүр айнала.

Сырғанамай он бала,
Қалды қарап жағада.
Айтшы, кәне, барлығы
Неше бала болғаны?

4. Он алманың төртеуін,
Асан сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі
Өз қолыңда қалады?

5. Көлден ұшты он бес құс,
Көлде қалды он құс.
Көлге қонды отыз құс,
Санашы, кәне, көлде,
Болды сонда неше құс?

- Сонымен балалар, сөзжұмбақтың шешімі не болды? (базар).
- Базарда не істейді? (біреулер тамақ, заттар сатады, екіншілері сатып алады).
- Ендеше біз сендермен азық-түлік базарына барамыз.

III. Үй тапсырмасын тексеру арқылы сатушылар таңдап алынады.

- Кәне, өте зейінді, тез, әрі дұрыс есептей алатын балаларды біз базарға сатушылар ретінде таңдап алайық. Ол үшін үй тапсырмасын тексереміз (үй тапсырмасы бойынша толық жауап берген оқушылар сатушы болып тағайындалады).

IV. Жаңа материал бойынша жұмыс.

- Сонымен біз сатушыларды анықтап алдық. Енді мен олардың атқаратын іс-әрекеттерін түсіндірейін, яғни жұмыстарымен таныстырамын (Тақтаның алдында екі партаны қатар қойып, сәкі жасап қою керек. Сәкіде таразы, 1,2,5 кг гирлер тұрады. Полиэтиленді

пакеттерде 2 кг алма, 1 кг пияз, 1 кг сәбіз, 1 кг картофель, бір пакет (2 кг) ұн жайылып қойылады).

- Сендердің алдарында таразы тұр, бір табағына 1кг, 2 кг, 5 кг массасы көрсетілген гирді қоясыңдар, ал екінші табағына сатып алушы алатын жеміс-жидектерді, яғни азық-түлікті қоясыңдар.
- Ал енді сатып алушылар, назар аударыңдар: егер таразының екі жағы тепе-тең болса, онда сендердің сатып алатын азық-түліктеріннің массасы гирдің массасына тең (*оқулықтағы 1-2 жаттығуларға қараймыз*). Ал бір табақ жоғары, екіншісі төмен тұрса, онда сендердің сатып алатын азық-түліктеріннің массасы гирдің массасына тең емес. Жоғары тұрған табақ жеңіл, ал төмен тұрғаны ауырлау.

Тақтада сендер біздің базарда сатып алатын азық-түліктердің тізімі берілген:

<p>2 кг алма 1 кг пияз 1 кг сәбіз 1 кг картофель бір пакет ұн</p>
--

Таразымен жұмыс істеу: Тақтаға бірінші сатушы мен сатып алушы шығады (мұғалім сатып алушыға не сатып алу керектігін айтады. Оқушы 1 кг алманы сатуды сұрайды).

Сатушыға сұрақ: Қай гирді алу керек? (1 кг)

(Сатушы гирді қояды, екінші табаққа таразының екі жағы теңескенше алмаларды салады).

- Таразының екі жағы теңесті, яғни алманың массасы неге тең? (1 кг)

(Мұғалім 1 кг гирді алады да, 2 кг гирді қояды.)

- Нені байқадыңдар? (Алмасы бар табақ жоғары көтерілді, себебі алмалар жеңіл.)
- Кәне, барлық алмаларды табаққа салайық. Не көріп тұрмыз? (Таразы теңесті, себебі гирдің массасы - 2 кг және алманың массасы да- 2 кг).

Екінші сатушы шығады.

Мұғалім: Маған сатып алушы болуға бола ма? (Ия.)
Ендеше маған барлық жеміс-жидектерді, көкөністерді (2 кг алма, 1 кг пияз, 1 кг картофель, 1 кг сәбіз) өлшеп беріңіз.

- Қай гирді алу керек?
- Менің сатып алғандарымның массасы неге тең екенін тексереміз? (5 кг)

Үшінші сатушы шығады.

- Кәне, бір пакет ұнның массасы неге тең екенін анықтайық?
- Қандай гирді аламыз? (1 кг)
- Нені байқадыңдар?

(Гир салынған табақ жоғары көтерілді, яғни ол жеңіл. Массасы 2 кг гирді аламыз. Таразы теңесті, яғни ұнның массасы 2 кг.)

V. Оқулықпен жұмыс.

- Балалар, біз сендермен сатушының қызметін үйрендік. Ендеше мен «Ең үздік сатушы» атағына сайыс жариялаймын. Кім оқулықтағы жаттығуларды дұрыс орындаса, сол «Ең үздік сатушы» атағына ие болып, медаль алады.

(Оқулықтағы №3, 4, 5 жаттығулар орындалады.)

VI. Жаңа материалды бекіту бойынша шығармашылық тапсырма орындалады.

VII. Қорытынды.

Мұғалім үздік сатушыларды айтады, оларға медальдар табыс етіледі.

- Сонымен балалар, біз бүгін немен таныстық және базарда нені үйрендік? (Массаның өлшем бірлігі-килограммен таныстық. Жемістерді, көкөністерді таразыда өлшеуді үйрендік.)

VIII. Үй тапсырмасын беру: №6,16-бет.

(Математика: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық // Т.Қ.Оспанов, т.б.- Алматы: Атамұра, 1998.-Б.14-16.)

САБАҚ 8.
«АСЫЛ МҰРА-МАТЕМАТИКТЕР ӘЛЕМІНДЕ»
ДАНАЛЫҚ САБАҒЫ

Сабақтың тақырыбы: *Ондықтармен санау. Санға 10-ды қосу және саннан 10-ды азайту*

Мақсаты: *жаңа санау бірлігі- ондықпен таныстыру; санға 10-ды қосу және саннан 10-ды азайту тәсілдерін үйрету.*

Міндеттері:

- а) ондықтардың атауларын дұрыс айтуға үйрету;*
- ә) ондықтарды ретімен санауды игерту;*
- б) жай есептерді құрастыру және шығару біліктерін қалыптастыру;*
- в) еңбек тәрбиесін беру;*
- г) зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.*

Қажетті құралдар: *санау таяқшалары, санау таяқшаларынан жасалынған бумалар, «Асыл мұра» атауларына сәйкес сәндік-қолданбалы өнер туындылары, ашпалы-жаппалы қапсырмалар, кітапшалар, т.б.*

Сабақтың түрі: *жаңа материалды түсіндіру мақсатына құрылған даналық сабағы.*

Сабақтың құрылымы:

- I. Ұйымдастыру кезеңі*
- II. Үй тапсырмасын тексеру*
- III. Ауызша есептеу*
- IV. Жаңа материал бойынша жұмыс*
- V. Оқулықпен жұмыс*
- VI. Жаңа материалды бекіту*
- VII. Қорытынды*
- VIII. Үй тапсырмасын беру*

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар, кәне, біз математика сабағымызды қандай өлең жолдарымен бастаймыз?

- Кел, балалар, ойнайық,
Ойнайық та, ойлайық.
Қандай жұмбақ болса да,
Шешпей оны қоймайық.

- Ендеше, балалар, сабағымызды бастайық. Біздің бүгінгі сабағымыз «Асыл мұра - математиктер әлемінде» деген даналық сабағы түрінде өтеді. Сендер бүгін бабаларымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге жеткен асыл мұралармен таныса отырып, соның негізінде математикадан білімдерінді жетілдіресіңдер.

Ата-бабамыз қандай асыл мұраларын қалдырып кеткен екен, оны білу үшін мына алдарында тұрған отауларды аралап, ондағы дүниелерді тамашалай отырып, білім қорымызды молайта түсейік.

II. Үй тапсырмасын тексеру

«Математика-ғылымдардың атасы», «Ескісіз жаңа болмайды, есепсіз дана болмайды» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ендеше, бірінші отау- «Мақал-мәтелдер» отауын аралайық:

*Оқушылар (хормен): Көп көрген ата бабамыз,
Солардан тәлім аламыз.*

- Ия, дұрыс айтасыңдар мақал-мәтелдер - ата-бабаларымыздың көрген-білгенінен, естіп-тоқығанынан түйген ой- тұжырымдары екені анық. Сендер осы уақытқа, дейін бірнеше мақал-мәтелдермен таныс болдыңдар. Мен сендерге мынадай тапсырма бергім келіп тұр, сендер

отаудан бірнеше мақал-мәтелдерді оқып тұрсындар, ия, енді солардың ішінен математикалық ұғымға қатыстысын табындар:

1-оқушы:

Он адам жүрген жерде із қалады,

Жүз адам жүрген жерде соқпақ қалады,

Мың адам жүрген жерде жол қалады.

- Дұрыс таптың. Енді осы карточканың артын қарасаң, саған тапсырма бар: **«Үй тапсырмасын оқы!»** (үй тапсырмасы тексеріледі).

III. Ауызша есептеу.

- Өте жақсы. Келесі отауларды аралайық. Екінші отау- «Жұмбақтар» отауы

Оқушылар(хормен): Айтқан кезде жұмбақты,

Бала ойланып тұрмапты.

-Балалар, біздің сабағымызға Жұмбақбай атай қонаққа келіпті. Жұмбақбай атамызды білеміз бе? Ол кісі жұмбақ ала келіпті. Енді сендердің қаншалықты тапқыр, алғыр, шапшаң екендіктеріңді тексерейік. Ол үшін жұмбақтар шешеміз. Қазір мен айтамын, сендер ойланып, жауабын табындар:

1. Қош-қош дейін, келе ғой,
Қошақаным еме ғой.
Ақ ешкінің бөпесі-ай,
Шөке-шөке, шөкетай!
Ұнамайды ұзауың,
Шәуім-шәуім, бұзауым!
Жайылған тау жотасын,
Кәуіс-кәуіс, боташым!
Құйрық атып ұрыншақ,
Құрау-құрау, құлыншақ!
Тапшы өзің, ақылдым,

- Қанша төлді шақырдым?
2. Бес алманың үшеуін,
Досың сұрап алады.
Айтшы, сонда нешеуі,
Өз қолыңда қалады?
- Өте жақсы. Жұмбақбай атай сендерге риза. Сендер тапқыр екенсіңдер.

IV. Жаңа материал бойынша жұмыс

Үшінші отау- «Жаңылтпаштар» отауы.

*Оқушылар (хормен): Жаңылтпашты айтайық,
Тіл ширатып қайтайық.*

- Жаңылтпаш айтуды білеміз бе? Әуел жай, одан соң тез айтамыз. Ендеше, мына отаудан кім мазмұнында математикалық ұғым бар жаңылтпашты табар екен?

1-оқушы:

*Үш кіші ішік пішітім,
Бес кіші ішік пішітім,
Неше кіші ішік пішітім.*

2- оқушы:

*Он қап,
Он қапты қақ.*

- Өте жақсы. Енді тез айтып көрейікші. Сендер жаңылтпаштарды да тез және жаңылмай айтады екенсіңдер.
- Балалар, біз бүгін сендермен ондықтармен санауды және ондық сандардың атауларын үйренеміз. Ондықтарды да тура осы жаңылтпаштардай жаңылмай санайтын болыңдар.
1. Оқушыларға он таяқшадан буылған бір буманы көрсетіп, оның неше ондықты білдіретінін сұраймыз. Яғни бір бума - бір ондық, он санын білдіреді, 2 бума -2 ондық,

жиырма санын білдіреді. Осылайша толық ондықтардың атауларымен таныстырып, олардың екі цифрдың көмегімен жазылатынын көрсетеміз.

2. Үш буманы алып, оған бір буманы қосамыз, яғни 3 бума - 3 ондық - 30 санын білдіреді, оған 1 бума - 1 ондықты - 10 санын қоссақ, 4 бума - 4 ондық-40 саны шығады. Жазып көрсетеміз:

$$3 \text{ онд.} + 1 \text{ онд.} = 4 \text{ онд.}$$

$$30 + 10 = 40$$

3. Төрт буманы алып, одан бір буманы аламыз, яғни төрт бума – 4 ондық - 40 санын білдіреді, одан 1 бума -1 ондықты - 10 санын алсақ, 3 бума - 3 ондық - 30 саны шығады. Жазып көрсетеміз:

$$4 \text{ онд.} - 1 \text{ онд.} = 3 \text{ онд.}$$

$$40 - 10 = 30$$

V. Оқулықпен жұмыс.

- Олай болса келесі отауларымызды аралайық.

Төртінші отау - «Санамақтар» отауы.

Оқушылар (хормен): Он саусақты санап- ақ,

Үйренеміз санамақ.

Ата-бабамыздың қалдырып кеткен мұраларының бірі-санамақ. Кәне, барлығымыз, хормен өзіміз білетін «Оны тапшы, ай-күнім?» санамағын айтып жіберейік:

Бірім - бір,

Екім-екі,

Үшім - үш,

Төртім - төрт,

Бесім -бес,

Алтым- алты,

Жетім - жеті,
Сегізім - сегіз,
Тоғызым - тоғыз,
Оным - он,
Он бірім-
Оны тапшы, ай-күнім?
1 дегенің - білеу,
2 дегенің - егеу,
3 дегенің - үскі,
4 дегенің - төсек,
5 дегенің - бесік,
6 дегенің - асық,
7 дегенің - желке,
8 дегенің - серке,
9 дегенің - торқа,
10 дегенің - оймақ,
11 - қара жұмбақ

- Өте дұрыс. Сендер 1-ден 10-ға дейінгі санамақты өте жақсы біледі екенсіңдер, яғни 10-ға дейін санауды жақсы меңгеріпсіңдер. Бүгін біз сендермен ондықтарды да жаңылмай санауды үйренеміз. №4 жаттығу.

- Енді бесінші отау- «Ертегілер отауына» аяқ басайық.

Оқушылар (хормен): Аңыздар мен ертегі,
Атам кешке шертеді.

- Балалар, сендер ертегі білесіңдер ғой. Кәне, қандай ертегілерді білесіңдер?

- Біз өткен сабағымызда «Алтын сақа» ертегісімен танысқан болатынбыз. Бүгін осы «Алтын сақа» және «Шалқан» ертегілерінің кейіпкерлері - бізде қонақта. Қазақ халқы қонақжай, ешқашан қонағын ренжітпей, қонақ келсе - құт келеді деп, риза қылып жіберген.

Бұл қонақтарымыз жай келмепті, бізге тапсырма ала келіпті. Қонақтарды ренжітпеу үшін тапсырмаларын орындайық: *№5 жаттығу (жаттығуды орындау барысында тәрбиелік сәт жүзеге асырылып, оқушыларға еңбек тәрбиесі беріледі).*

- Міне, балалар, «Көңілді ойын» отауына да келіп қалыпшыз..

*Оқушылар (хормен): Кел, балалар, келіңдер,
Тамашаны көріңдер.
Бізде қызық ойын бар,
Барлығын ден қойыңдар.
Ойнаңдар да, ойлаңдар,
Думандатып тойлаңдар!*

- Қазір біз ұлттық ойын «Хан талапай» ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты мынадай:

- Мен қазір мына асықтарды алдарыңа шашамын. Бұл асықтардың әр қайсысының нөмірлері бар. Әр қатардан бір оқушы шығып, асық алады, асықтың нөмірі менің қолымдағы карточканың нөмірімен сәйкес келеді. Сол карточкадағы сұраққа ойланып, жауап бересіңдер. Кәне бастайық!

Талапай-ау, талапай,
Табылды ойын алақай,
Алшысынан асайық,

Талапайға басайық,- деп асықтарды шашып жібереді. Әр қатардың оқушылары нөмір бойынша сұрақтарға жауап береді (*оқулықтағы шығармашылық тапсырма*).

Сендер тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Олай болса, басқа қандай асыл мұраларымыз бар екенін білу үшін келесі отауларды аралайық.

VI. Жаңа материалды бекіту

Жетінші отау: «Ата-баба дәстүрі» отауы.

Оқушылар (хормен): *Ата-баба дәстүрін сүйеміз,*

Көңілге оны түйеміз.

- Балалар, егер сендер қазір менің сұрақтарыма жауап берсеңдер, мына алдарыңда тұрған сиқырлы «Білгенге - маржан» кітапшасы ашылады. Оның ішінде сендерге пайдалы, құнды дүниелер бар. Ендеше кітапшаны ашамыз ба?
- Бүгін біз сабақта не үйрендік?
- Ондықтармен санауды үйрендік.
- 3 ондық қандай сан? 7 ондық ше?
- Балалар, менің қолымда 4 бума, оған 1 бума қоссам, қанша болады? Кім маған осыны математикалық тілде жазып көрсетеді?
- Ал 5 ондықтан 1 ондықты азайтсақ, неше ондық шығады? Ол қандай сан?
- Сендер сұрақтарға өте дұрыс жауап бердіңдер, ендеше кітапшаны ашып, оқиық:

Жеті қат көк

Ай
Меркурий
Шолпан
Күн
Марс
Юпитер
Сатурн.

Жеті ғалам

1. Күншығыс
2. Күнбатыс
3. Түстік
4. Төрістік
5. Аспан - жоғары ғалам
6. Жер - орта ғалам
7. Жер асты - төменгі ғалам

Жеті қазына

Ер жігіт
Сұлу әйел
Ақыл-білім
Жүйрік ат
Қыран бүркіт
Берен Мылтық
Жүйрік тазы

Жеті ата

Ата
Әке
Бала
Немере
Шөбере
Шөпшек
Немене.

VII. Қорытынды.

- Сонымен балалар, біздің бүгінгі сабағымыз қандай сабақ болды? (даналық сабағы).
- Біз ата-бабаларымыздан жеткен қандай асыл мұралармен таныстық? (мақал-мәтелдер, жұмбақтар, т.б.).
- Сендер сабаққа өте белсене қатыстындар. Мұның өзін сендердің ата мұраларымызға деген құрметтерін, сыйлы қатынастарын деп білуге болады.

VIII. Үй тапсырмасын беру. Математикалық ұғымдармен байланысты мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар және санамақтар жаттап келу.

(Математика: Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық // Т.Қ.Оспанов, т.б.- Алматы: Атамұра, 1997.- Б.120-121.)

МАТЕМАТИКАДАН ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС САБАҚТАРДА ҚОЛДАНЫЛУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

1. Дидактикалық ойындар

1. «Ұшқыш»

Дидактикалық мақсаты: Көп таңбалы сандарды көбейту және бөлу тәсілдеріне жаттықтыру.

Құрал – жабдықтар : Магнитті тақта, ұшақ суреті

Мазмұны: Тақтада үш топқа бөлініп жазылған өрнектер:

1020; 1 025; 1030	3050; 3 060; 3 070	8 025; 8 026; 8027;
7 140:7	9 210:3	56 182:7

Әрбір өрнек астына ұшақ суреттерін жапсырып қояды, ал үстіне бірнеше жауаптар жазылған. «Ұшқыш» осы жауаптардың біріне қонады. Берілген нәтижесі өрнекке жауап дұрыс келсе, ұшқыш бағыты дұрыс деп есептеледі. Осылайша дұрыс жауапты көп тапқан оқушы «таңдаулы ұшқыш» болып шығады .

2. «Ғажайыптар алаңы»

Дидактикалық мақсаты: оқушылардың өрнектер және оның мәнін табу туралы түсініктерін дамыта түсу

Құрал – жабдықтар: көп таңбалы сандармен берілген өрнектер жазылған және тура ортасына жылжымайтын тілше бекітілген айналмалы дөңгелек.

Мазмұны: Жүргізуші дөңгелекті айналдырады да, тоқтағанда тілшеге сәйкес келген санды өрнекті оқуды, жазуды және оның мәнін табуды ұсынады. Мұны тақтада

дұрыс орындаған оқушы келесі ойынға дөңгелекті айналдырады. Егер ол қате жіберсе, оның қатесін түзеген оқушы айналдырады. Ойын осы ретпен әрі қарай жалғастырыла береді.

3. «Аукцион»

Дидактикалық мақсаты: сандық теңдік, сандық теңсіздік, сандық өрнек, әріптік өрнек және теңдеу туралы түсініктерін дамыта түсу

Құрал –жабдықтар: тақта, бор.

Мазмұны: Аукцион жүргізуші «сандық өрнек» деп дауыстайды. Әр команда мүшелері сандық өрнектердің мысалдарын айта бастайды. Алдын-ала тағайындалып қойған сарапшылар әр командадан түскен мысалдарды тақтаға жазып тұрады. Бір минуттан кейін аукцион жүргізуші «бір, екі, үш»-деп дауыстайды. Егер ол «үш» дегенше ештеңе айтылмаса, онда: «теңдеу», -дейді. Енді команда мүшелері теңдеулердің мысалдарын айта бастайды, т.с.с.

Ойын 5-6 минутқа созылу мүмкін. Соңында сарапшылар ойынның қорытындысын шығарады. Мұнда мысалдардың жалпы саны, оның ішінде дұрыстарының саны, қате мысалдардың саны ескеріліп, әр командаға ұпай беріліп, осы бойынша жеңімпаз команда анықталды.

4. «Геометриялық эстафета»

Дидактикалық мақсаты: оқушылардың көпбұрыштарды еркін сызу және оның элементтерін анықтау дағдыларын қалыптастыру

Құрал-жабдықтар: тақта, түрлі-түсті борлар, сызғыш

Мазмұны: Сынып қатарлары бойынша үш топқа бөлініп, оларға: «Тақтада кез-келген бесбұрыш сызып, оның элементтерін ажыратып көрсетіндер» деген тапсырма беріледі. Осыған сәйкес алғашқы үш оқушы тақтада еркін өлшеммен бесбұрыштың бір қабырғасын, келесі үш оқушы екінші қабырғасын, т.с.с. сызулары керек. Алтыншы оқушы оның төбелерін көкпен, жетінші оқушы қабырғаларын қызылмен, сегізінші оқушы бұрыштарын жасылмен ажыратып көрсету керек.

II. Қазақ халқының ұлттық ойындары

1. «Теңге алу»

Дидактикалық мақсаты: бір таңбалы сандарды аттап ондықтан қосу тәсілдерін меңгерту.

Құрал-жабдықтары: теңгенің модельдері.

Мазмұны: мұғалім 1,3,5, теңге модельдерін оқушыларға таратып, кез келген бір оқушыны теңгесімен тақтаға шығарады да, ойын ережесін түсіндіреді. Тақтаға 1-ші санды толықтыратын теңгелері бар оқушылар шығып, 20 теңгеге жеткенше толықтыру керек. Ал қалған оқушылар бақылаушылар ролін атқарады, олар мұғалімнің қолын бұлғауы бойынша, егер тапсырма дұрыс орындалса, қол шапалақтайды, қате болса, қызыл дөңгелекті көтереді.

Мысалы, мұғалім 3 теңгесі бар оқушыны шығарады да былай дейді: “3 теңгені 8 теңгеге дейін толықтырыңдар”. Тақтаға бес теңгесі бар оқушы шығады. Бақылаушылар қол соғады, сосын мұғалім айтады: “Кәне, енді 10 теңгені алайық”. Тақтаға екі 1 теңгесі бар оқушылар шығады. Бақылаушылар қол соғады. Осылайша 20 теңгеге дейін

толықтырады, басқа да сандар бойынша ойынды жалғастыруға болады.

2. «Қасқыр мен қой»

Дидактикалық мақсаты: 100 көлеміндегі сандарды қосу және азайту тәсілдерін меңгерту.

Құрал-жабдықтары: Қой мен қасқырдың суреттері.

Мазмұны: тақтаға есептеу тәсілдерінің жазбасы орын тасталып жазылады: $46+20=□+□+20=40+□+□=$

Фланеграфқа қасқыр мен қойдың суреті жапсырылады. Олардың әрқайсысы цифрлар ұстап тұрады. Балалар мысалда қалдырып кеткен цифрларды іздейді. Егер олар дұрыс қойса, онда қой жайлауға жіберіледі, ал егер дұрыс қойылмаса, онда қойды қасқыр жеп қояды.

3. «Сақина тастау»

Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі қосу мен азайтудың кестелік жағдайын бекіту.

Құрал-жабдық: сақина.

Мазмұны: бір оқушы сақинаны алып, сыныптағы кез келген оқушының қолына салады. Сақинаны алған оқушы карточка бойынша 20 көлеміндегі сандарды қосу мен азайтуға берілген мысалды тақтаға шығарып, сақинаны өзі қалаған оқушыға салады. Ойын осылайша жылдам түрде жалғасады.

4. «Қыз қуу»

Дидактикалық мақсаты: есептеу дағдыларын қалыптастыру.

Құрал-жабдықтар: аттардың модельдері бекітілген жайлаудың суреті.

Мазмұны: Аттардың арттарына есептеу дағдыларын қалыптастыруға берілген мысалдар жазылады. Қыз балалар мен ер балаларға тең үлестіріліп, аттардың модельдері таратылады. Кім мысалды тез, әрі дұрыс шығарса, сол оқушы /қыз немесе ер бала/ бұл сайыста жеңіске жетеді.

5. «Ақ серек, көк серек»

Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі ондықтан аттап қосу және азайту тәсілдерін меңгерту.

Мазмұны: бұл ойынға екі қатардың оқушылары қатысады. 1- қатардың оқушылары хормен:

Ақ серек, көк серек,
Бізден сізге кім керек,- деп сұрайды.
Ал оған қарсы жақ : Ай керек-ау, ай керек,
Айдың жүзі дөңгелек,
Ақ серек пен көк серек,
Тауып алдым бәйтерек,

Сонау отырған Алмат керек,- деп сол оқушыға бір таңбалы сандарды қосуға мысал береді. Ол оның жауабын айту керек. Егер ол мысалды дұрыс шешсе, онда екінші жақ 1 - қатарға тапсырма береді, ал дұрыс шешпесе, 1-қатар ойынды әрі қарай жалғастырады.

6. «Балықшы»

Дидактикалық мақсаты: екі таңбалы және бір таңбалы сандарды ондықтардан аттамай қосу және азайту тәсілдерін бекіту.

Күрал-жабдықтары: нөмірлер, мысалдар жазылған балықтар.

Мазмұны: мұғалім оқушылар арасынан балықшылар тағайындап, олардың арасында жарыс өтетінін айтады. Жарысқа қатынасушыларға нөмір белгілері таратылады, олар оны кеуделеріне тағып алады. Өзен бейнесі салынған плакатқа мысалдар жазылған балық суреттері жапсырылады. Ойында кеудедегі нөмір балықты белгілейді, яғни мысалдың жауабы балықшының кеудесіндегі нөмір белгісіне сәйкес келеді. Сондықтан қай балықшы мысалды тез, әрі дұрыс шешіп, балықты ұстаса, сол жеңіске жетеді. Балықтардағы мысалдар: $41+4$, $32+7$, $22+6$, $52+4$, $92+2$. Кеудедегі нөмірлер: 45, 28, 56, 39, 94.

7. «Бәйге»

Дидактикалық мақсаты: екі таңбалы сандарды разрядтан аттап қосу және азайту тәсілдерін меңгерту.

Мазмұны: мұғалім оқушыларға бәйге болатынын хабарлайды. Кім төмендегі мысалдары 1-ші орындаса, сол бәйгеде жеңіске жетеді.

$17+18$	$74-65$
$29+62$	$63-29$
$64+35$	$47-35$
$90+74$	
$81+65$	
$100-75$	

8. «Жаяу көкпар»

Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі қосу мен азайту тәсілдерін меңгерту.

Мазмұны: тақтаға жауабы жоқ мысалдар жазылады:

7+4

8+8 т.б.

Осыны қай қатардың оқушылары бұрын бітірсе, сол қатардың оқушылары көкпарды алады.

9. «Орамал тастамақ»

Дидактикалық мақсаты: есептеу дағдыларын қалыптастыру.

Мазмұны: бұл ойынға үш қатардың оқушылары үш топ болып қатысады. Мұғалім қолындағы орамалды 1 топтың бір оқушысына береді. Ол екінші топтағы бір оқушыға беріп: “1 қосылғыш 14” деп дауыстайды. Ол орамалды алады да : “2 қосылғыш 3” деп, 3- топтың бір оқушысына береді. Ол оқушы орамалды алады да, “қосынды 17” дейді. Осылайша қосу мен азайтуға мысалдар беріліп, ойын жалғасады.

10. «Хан талапай»

Дидактикалық мақсаты: екінші ондық сандардың құрамы туралы білімді бекіту.

Құрал-жабдығы: асықтар.

Мазмұны: Талапай-ау, талапай,

Табылды ойын алақай,

Алшысынан асайық,

Талапайға басайық, - деп асықты шашып жібереді. Әр асықта нөмір қойылған. Осы нөмір карточкалардағы нөмірмен сәйкес келеді. Сәйкес карточкаларды алып, балалар тапсырмаларды орындайды.

№1	12-бұл 7 және
№2	17-бұл 8 және
№3	15-бұл 6 және
№4	16-бұл 9 және
№5	19-бұл 11 және
№6	13-бұл 4 және
№7	14-бұл 7 және

III. Қызықты жаттығулар

1. 5 және 0 цифрларын пайдаланып, үш таңбалы әртүрлі неше сан жазуға болады?
2. 4 және 3 цифрларын пайдаланып, үш таңбалы әртүрлі неше сан жазуға болады?
3. 7, 9 және 5 цифрларын пайдаланып, үш таңбалы әртүрлі неше сан жазуға болады? (санның жазылуында цифр қайталанбайтын болсын)
4. Әрбір келесі цифр өзінің алдындағыдан екі есе артық болатындай үш таңбалы сан жаз. Осындай неше сан жазуға болады?
5. Әрбір келесі цифр өзінің соңындағыдан үш есе кем болатын үш таңбалы сан жаз.
6. $287+782=485+584$. Осы сияқты бірнеше теңдіктерді тауып жаз.
7. Нәтижені қалай тез табуға болады?
а) $253+198$; ә) $295+193$; б) $793+197$
8. Нәтижені қалай тез есептеп табуға болады?
а) $682-598$; ә) $945-504$; б) $725-96$; в) $467-270$

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әлімбаев Т.Р. Математикадан сыныптан тыс жұмыстар және халық есептері.-Алматы:Рауан, 1997.- 80 б.
2. Бантова М.А., Бельтюкова Г.В., Полевщикова А.М. Бастауыш кластарда математиканы оқыту методикасы. - Алматы: Мектеп, 1978. - 344 б.
3. Елубаев Е. Жүз жұмбақ, жүз жаңылтпаштар. -Алматы: Мектеп, 1989. - 32 б.
4. Елубаева С. Бастауыш кластарда математикадан жүргізілетін кластан тыс жұмыстар. - Алматы: Мектеп, 1985. – 39 б.
5. Жолтаева Г.Н. Негізгі мектепте математиканы оқыту процесінде этнопедагогика элементтерін пайдалану әдістемесі: Пед. ғыл. канд....дис. - Алматы, 1999. - 167 с.
6. Истомина Н.Б. Методика обучения математике в начальных классах.- М.:Изд.центр «Академия», 2000.-288 с.
7. Кожобаев К.Г. О воспитательной направленности обучения математике в школе.-М.: Просвещение, 1988.-80 с.
8. Қазақ мақал-мәтелдері. /Құраст. М.Аққозин. - Алматы: Қазақстан, 1990. - 288 б.
9. Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты. - Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1998.-245 б.
10. Құрманалина Ш.Х. және т.б. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар.-Алматы: Атамұра, 1997. - 46 б.
11. Манвелов С.Г.Конструирование современного урока математики.-М.: Просвещение, 2002.-175 с.
12. Методика начального обучения математике. / Под ред. Л.Н. Скаткина.-М.: Просвещение, 1972. - 320 с.
13. Основы методики начального обучения математике. / Под ред. А.С. Пчелко. - М.: Просвещение, 1965. - 375 с.
14. Оспанов Т.К. Бастауыш кластар математикасын оқыту методикасы. - Алматы: Мектеп, 1987. - 144 б.
15. Оспанов Т.К. 1-4 кластар математикасын оқытудағы сабақтастық мазмұны мен методикасы. - Алматы: Мектеп, 1980. - 71 б.
16. Оспанов Т.К. Математиканың бастауыш курсы оқыту әдістемесі (оқу құралы). - Алматы: РБК, 1996. - 177 б.
17. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. -Алматы: Рауан, 1991. - 176 б.
18. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану. -Алматы: Рауан, 1993. - 54 б.
19. Сансызбайқызы М. Балдырғандарға арналған қызықты математикалық тапсырмалар.-Алматы: Рауан,1993.-54 б.
20. Сарбасова Қ.А. Бастауыш сыныптарда математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру: Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2002.-82 б.

21. Сарбасова Қ. Математика мұғалімдерін даярлау.-Астана:Нұржол, 2003.-88 б.
22. Сарбасова Қ.А. Дәстүрлі емес сабақтарды өткізуге мұғалімдерді даярлау «Қазақстан Республикасында жоғары білім беру сапасын жетілдіру және дамыту перспективаларының өзекті мәселелері»// Жоғары оқу орын аралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. - Қарағанды, ҚарМУ баспасы 2004., 168-170 б.
23. Сарбасова Қ.А. Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану // Бастауыш мектеп.-2004.-№10.-Б.17-19.
24. Сарбасова Қ.А., Сарбасова Қ.А. Сабақтың тиімділігін арттыру // Бастауыш мектеп.-2004.-№11.-Б.45-47.
25. Сарбасова Қ.А., Абишева Т.М. Бастауыш мектепте ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктері // Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары: Қарағанды: Санат баспасы, 2004.-Б.302-306.
26. Ысқақов Б. Бес тас. - Алматы: Балауса, 1993.-64 б.
27. Ұзақбаева С., Сарбасова Қ. Бастауыш сыныптардағы математика сабақтарында казак этнопедагогикасы материалдарын пайдалану. - Алматы: ИПК Алатау, 1998. – 31 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Математиканы оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы-сабақ	5
Математикадан дәстүрлі емес сабақтар	12
Математикадан дәстүрлі емес сабақтарда оқытудың жаңа технологияларын пайдалану	16
Сабақ 1. <i>Ертегіге құрылған сабақ</i>	22
Сабақ 2. <i>Ертегі сабағы</i>	29
Сабақ 3. <i>Ойын сабағы</i>	38
Сабақ 4. <i>Интеграциялық сабақ</i>	43
Сабақ 5. <i>Саяхат сабағы</i>	48
Сабақ 6. <i>Аукцион сабағы</i>	55
Сабақ 7. <i>Экскурсия сабағы</i>	59
Сабақ 8. <i>«Асыл мұра-математиктер әлемінде» даналық сабағы</i>	65
Математикадан дәстүрлі емес сабақтарда қолданылуға ұсынылатын қосымша материалдар	74
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	84